



ЕЛ ТӨРІНДЕГІ
ЖАҢАРУ МЕРЕКЕСІ

6-7-БЕТ | НАУРЫЗ



ҚАЛТАРЫСТА ҚАЛҒАН
ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ

9-БЕТ | ТАЛАЙҒЫ ТАРИХ



АСТАНАЛЫҚ ТЕАТРЛАР
ТЫНЫСЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біздің еліміз – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан білім беру, денсаулық сақтау салаларына инвестиция салуды жалғастырамыз. Бұл – біздің конституциялық міндетіміз. Бірақ шын мұқтаж азаматтарға ғана көмек көрсетілуі керек. Қызметін асыра пайдалануға, әсіресе, алаяқтыққа жол берілмейді.

№34–35
(4779)

Бейсенбі
27 наурыз
2025 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТҮРКІСТАН – ҚОЛӨНЕРШІЛЕР ҚАЛАСЫ

Түркістан қаласы «World Craft Council» халықаралық ұйымының шешімімен және Дүниежүзілік қолөнер кеңесінің келісімімен «Қолөнершілер қаласы» мәртебесін иеленді.

Алдағы уақытта «Ерекше мәртебе» статусы аясында қолөнершілер шығындарының 25 пайызы субсидияланатын болады. Сондай-ақ таяу уақытта қолөнершілер орталығын пайдалануға беру жоспарлануда.



Биыл бірінші сыныпқа өтініш қабылдау 1 сәуірде басталып, 2025 жылдың 31 тамызына дейін жалғасады, деп хабарлады Оқу-ағарту министрлігі.

ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес, 1-сыныпқа ата-анасының өтініші бойынша балалар 6 жасдан бастап қабылданады. Құжаттарды мемлекеттік egov.kz электрондық үкіметі, жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арқылы, сондай-ақ қағаз нұсқада 1 сәуір – 31 тамыз аралығында тапсыруға болады. Өтініш демалыс және мереке күндерді қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін қабылданады. «Құрметті ата-аналар! Құжаттарды тапсыруды соңғы күндерге қалдырмай, балаңызды мектепке беруді алдын ала ойластыруға шақырамыз» делінген министрлік хабарламасында.



ЖҰМЫСШЫ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Жұмысшы мамандықтарын дайындауда колледждерге үлкен жауапкершілік артылады. Бүгінгі таңда Астана қаласының технологиялық колледжі бірнеше жұмысшы мамандықтарын оқытатын оқу ордасы болып отыр. Бұл оқу орнының түлектері 100 пайыз жұмыспен қамтылады.



АҚМАРАЛ – ЧЕМПИОН!

Астаналық парадзюдошы Ақмарал Науатбек Грузия астанасы Тбилисиде өткен Әлем кубогында жеңімпаз атанды.

Әлемдік жарыстың финалында елордалық спортшы Германия дзюдошысы Изобель Тайды ұстау әдісімен жеңді. Бұл Ақмаралдың Олимпиада чемпионы белгісі – есімі алтын түстес жазумен жазылған кимоно киіп өнер көрсеткен алғашқы жарысы болды.

ТАЗАЛЫҚ ШАРАСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Елорданың коммуналдық қызметтері ауқымды тазалық жұмыстарын бастады.

Көктемгі санитарлық тазалау жұмыстары Наурызнама аясындағы Тазару күнімен тұспа-тұс келді. Тазалық жұмыстарына тек қана коммуналдық шаруашылық жұмысшылары ғана шығып қоймай, қала тұрғындары да белсене қатысуда. Үй аулаларында сенбіліктер ұйымдастырылып, қоқыстар шығарылып, балалардың ойын алаңдары абаттандырылуда.

«Таза Қазақстан» аясындағы тазалық акциясына бір күнде мәдениет саласының 600-ден аса қызметкері шықса, «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері әлеуметтік көмекке мұқтаж тұрғындар мен ардагерлердің ауласын тазартуға көмектесті. Елордада тазалық жұмыстары үздіксіз жалғасуда.

4



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 545.37 \$ USD/KZT 502.83 ₸ RUB/KZT 5.95 ¥ CNY/KZT 69.43

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитеті Халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі Лю Цзяньчаоны қабылдады. Кездесу барысында Қазақстан Президенті қазақ-қытай мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестігі қарқынды дамып келе жатқанын және болашақта да осы бағыттан айнымайтынын атап өтті.

«Бүгінде біздің берік байланыстарымыз мәңгі достық, тату көршілік пен стратегиялық серіктестікке негізделген өзара тиімді мемлекетаралық ықпалдастықтың үлгісі саналады. Біз ҚХР-мен қарым-қатынасты жоғары бағалаймыз. Сондай-ақ Қазақстан тарапынан жан-жақты ынтымақтастықты нығайту үшін барлық қажетті шара қабылданады. Сонымен қатар мен Қытай Компартиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин мырзамен достығымды өте жоғары бағалаймын» деді Мемлекет басшысы.

Президент маусым айында екінші «Орталық Азия – Қытай» саммитіне қатысу үшін Астанаға келетін ҚХР Төрағасының сапары аясында стратегиялық серіктестіктің жаңа мүмкіндіктері айқындалатынына сенім білдірді. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Қытайдың көпжақты құрылымдар аясындағы көзқарастары ұқсас екенін атап өтіп, Төраға Си Цзиньпиннің халықаралық құқықтың негізгі қағидаттары мен БҰҰ Жарғысына сай әділ әлемдік тәртіпті қалыптастыруды көздейтін жаһандық бастамаларын қолдайтынын жеткізді. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің «біртұтас Қытай» саясатына бейіл екенін растады.

Өз кезегінде Лю Цзяньчао Мемлекет басшысына Төраға Си

Цзиньпиннің ыстық ықыласын жеткізді. Оның айтуынша, Қытай Қазақстанды стратегиялық тұрғыдан маңызды серіктес ретінде қарастырады және қазақ-қытай мәңгі әрі жан-жақты әріптестігін тереңдетуге ерекше мән береді. Кездесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты нығайту жолдары талқыланды. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің тауар айналымын үлғайтып, көлік-логистика, энергетика және жасанды интеллекттің дамыту салаларында ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға орасан зор мүмкіндік бар екенін атап өтті.

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНЕ ҚАНДАЙ ӨКІЛЕТТІКТЕР БЕРІЛЕДІ?

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ұлттық экономика министрінің орынбасары Бауыржан Омарбеков ауылдық округ әкімдерінің өкілеттіктерін кеңейту үшін қандай іс-шаралар ұсынылып отырғанына тоқталды.

Құзырлы министрлік атап айтқанда: әкімдерге азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесі бойынша жұмысшыларды еңбек шарты негізінде жалдау құқығын беру; арнайы техника мен ауыл шаруашылығы машиналарын сатып алуға рұқсат беру, оларды халыққа ақылы негізде қызмет көрсету үшін пайдалану; әкімдер мен олардың аппараттарының өкілеттіктерін кеңейту; қоғамдық орындарды абаттандыру, балалар ойын алаңдарын пайдалануға бақылау жүргізу, ақылы қызметтер ұсыну сияқты іс-шараларды ұсынып отыр. «Бұл ұсыныстар Мәжіліс депутаттарымен қосымша талқыланып, заңнамалық бастамалар аясында жүзеге асырылады» деді Б.Омарбеков. Құзырлы ведомство өкілі ауыл бюджетін кеңейту үшін заңды және жеке тұлғалардың мүлік салығының бір бөлігін аудару, су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем, белгілі бір қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым, лицензиялар мен рұқсаттарды пайдаланғаны үшін төлем сынды кейбір кіріс көздерін беру жоспарланып отырғанын айтты.

ЕКІ ЖОБА БІРІКТІРІЛЕДІ

«Ауыл – ел бесігі» жобасы – ауылдық аумақтардағы инфрақұрылымды дамытуға бағытталған негізгі құралдардың бірі. 2019 жылдан бастап жоба аясында ауылдардың инфрақұрылымын дамытуға 701 млрд теңге бөлініп, 2,2 мың ауылда 6,6 мыңға жуық жоба іске асырылды. Нәтижесінде 5,3 мың шақырым көлемінде инженерлік желілер, сондай-ақ 7,9 мың шақырым ауылшілік жолдар жаңғыртылды, сонымен қатар бірқатар әлеуметтік нысандар жаңадан салынды немесе қайта жаңғыртылды. Биыл да 500-ге жуық ауылдық аумақтарда 900-ден астам жобаны іске асыруға 176,4 млрд теңге бөлінді. Бұл жобалар ауылдардың инфрақұрылымын жақсартуға және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталады» деді вице-министр. Оның дерегінше, 2023-2024 жылдары аралығында қаржыландырудың барлық көзінен 2 трлн теңгеге жуық бюджет қаражаты бөлініп, әлеуметтік, инженерлік, көліктік инфрақұрылымды, қоғамдық және экологиялық қауіпсіздікті дамытуға бағытталды.



Қазіргі таңда Ұлттық экономика министрлігі ауылдық аумақтарды кешенді дамытуға арналған мемлекеттік қолдау шараларын, соның ішінде «Ауыл аманаты» және «Ауыл – ел бесігі» жобаларын бір бағдарламаға біріктіру бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. «Бірінші – «Ауыл аманаты» және «Ауыл – ел бесігі» жобаларын іске асыруды басым тәртіппен даму әлеуеті бар ауылдарда жүзеге асыру ұсынылып отыр. Бұл басқа ауылдарда іске аспайды деген сөз емес. Тек қана басым бағыттар сол ауылдарға ден қойылып отырғандығы. Екінші – «Ауыл

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Грекия Президенті Константинос Тасуласты Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Президент Астана мен Афина арасындағы достық пен өзара түсіністікке негізделген көпқырлы ынтымақтастықтың аясы жылдан-жылға кеңейіп келе жатқанын ризашылықпен

атап өтті. Сондай-ақ бірлескен күш-жігердің арқасында елдеріміздің серіктестігі болашақта да ұдайы нығая беретініне сенім білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Гре-

кия Президенті Константинос Тасуластың жауапты мемлекеттік қызметіне толағай табыс, достас грек халқына өркендеу мен құт-береке тіледі.

РЕСМИ САПАРМЕН КЕЛЕДІ

2025 жылдың 31 наурыз – 1 сәуір күндері Словения Президенті Наташа Пирц-Мусар Қазақстанға ресми сапармен келеді. Бұл туралы Ақорданың телеграмдағы ресми арнасы хабарлады.

Сапар барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен келіссөз жүргізіп, сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара ынтымақтастықтың негізгі мәселелерін

талқылау жоспарланып отыр. Екі ел арасындағы іскерлік байланысты дамытуға айрықша назар аударылып, Қазақстан-Словения бизнес-форумы өтеді. Словения экожүйелерді қорғау және орнықты даму бастамала-

рын белсенді түрде ілгерілетіп келеді. Бұл сапар екіжақты қарым-қатынасты арттыруға, соның ішінде экология, экономика және гуманитарлық бастамаларды нығайтуға тын мүмкіндік береді.

ЖАҢА СУ КОДЕКСІН БЕКІТТІ

Мәжілістің жалпы отырысында палата депутаттары Қазақстан Республикасының Су кодексіне Сенат енгізген түзетулермен келісті. «Биылғы 5 наурызда Су кодексі мен ілеспе заңды Мәжіліс қабылдап, Сенаттың қарауына жолдаған еді.

Ал 20 наурызда Сенат оны талқылап, Мәжіліске қайтарды. Сенат Су кодексіне 12 түзету және ілеспе заңға 1 өзгерту енгізді, олар редакциялық әрі нақтылау сипатына ие, сондай-ақ осы заңнамалық актілердің тұжырымдамалық ережелерін өзгертпейді...

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитеті Сенаттың ҚР Су кодексіне және ілеспе заңға енгізген өзгерістермен келісуді ұсынады» деді Мәжіліс депутаты Павел Казанцев. Палата депутаттары бұл ұсынысқа

қолдау білдірді. Жуырда Сенат Қазақстан Республикасының Су кодексі мен ілеспе құжатты екі оқылымда қарағаны мәлім. Жоғарғы палата құжаттардың жекелеген баптарын жаңа редакцияда ұсынып, оны Мәжіліске қайтарды.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева «Қазақфильм» жерінің сатылғанына қатысты ақпаратты жоққа шығарып, ел арасында жүрген қауесетке нүкте қойды.

«ҚАЗАҚФИЛЬМНІҢ» ЖЕРІ САТЫЛДЫ МА?

Бұл туралы министр әлеуметтік желідегі парақшасында жазды. Министр киностудияға байланысты ақпарат қоғамда қызу талқыға түскенін ашық айтты. «Ең алдымен айтарым, кино саласына қатысы бар тұлғалардың киностудия төңірегіндегі процестерге қатысты өз пікірін білдіруге құқығы бар. Алайда ақпарат таратқанда тек фактілерге сүйенуге кеңес беремін. «Заң мен тәртіп» қағидаты баршаға ортақ, ал оны елемей тиісті аясында жауапкершілікке әкеліп соғады. Біріншіден, «Қазақфильм» жерінің сатылуы жөніндегі ақпаратқа қатысты. Бұл мәселе төңірегіндегі негізсіз қауесет біржола тоқтатылуға тиіс. «Қазақфильмге» тиесілі жерлер киностудия иелігінде қала береді. Жер сатылған жоқ және тек кинематография мүддесі үшін пайдаланылып жатыр» деп жазды Аида Балаева.

Ол киностудияны жөндеуге қомақты қаржы салуға дайын инвесторлар жайлы ақпараттың расталмағанын атап өтті. Айтуынша, Мәдениет және

ақпарат министрлігі нақты инвесторлармен жұмыс істеуге дайын болғанымен, әзірге ешқандай нақты ұсыныс, бірде-бір кепілдік хаты жоқ. Барлығы тек әңгіме деңгейінде. Министр киностудияның Астанаға көшу мәселесіне қатысты пікір білдірді. «Бұл да ешқандай негізі жоқ қауесет. Қазір елордаға «Қазақанимация» шығармашылық бірлестігін көшіру мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Мұнда маңызды жайт – «Қазақанимация» өндірістік база емес, анимациялық контент жасауға тапсырыстарды бөлетін құрылым. Сондықтан оның Астанаға көшуі саланың дер түсірілген жоқ. Осыған байланысты анимациялық индустрияны Креативті индустриялар қорының аясында дамыту орынды болмақ. Қор құрылымында анимацияны дамытуға бағытталған креативті хаб жасақталып жатыр» деді министр.



Кендебай АДАМБЕК,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ДАМУ НЕГІЗІ

– Президенттің төртінші Ұлттық құрылтайдағы баяндамасы елдің дамуындағы стратегиялық бағыттарды айқындап берді. Оның ішінде саяси реформалардың жүйелі жүзеге асып жатқаны, экономикалық саясаттың әділеттілік қағидаттарына негізделуі, әлеуметтік саладағы жауапкершілік пен ұлттық құндылықтарды нығайту мәселелері кеңінен қамтылды.

Баяндаманың ең маңызды аспектілерінің бірі – цифрландыру, жасанды интеллект,

энергетика, агроөнеркәсіп кешені және адами капиталды дамытуға ерекше басымдық берілуі. Бұл салалар Қазақстанның болашақтағы экономикалық тұрақтылығы мен халықаралық бәсекеге қабілетін арттыруда шешуші рөл атқарады. Президенттің салық жүйесін реформалау, заң үстемдігін күшейту және адал бәсекелестік қағидаларын орнықтыру жөніндегі бастамалары экономиканы көлеңкелі айналымнан шығарып, мемлекеттік бюджеттің әлеуметтік міндеттемелерін толық орындауға мүмкіндік береді.

Құрылтайда ұлттық бірегейлік, мәдени саясат және тіл

мәселесіне де айрықша көңіл бөлінді. Қазақ киноиндустриясының сапасын арттыру, ұлттық киім мен дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу, тарихи мұраны әділ бағалау – қоғамның рухани жаңғыруының маңызды тетіктері.

Жалпы алғанда, Ұлттық құрылтайда қозғалған мәселелер мен ұсыныстар Қазақстанның жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекет басшысының бұл бастамалары қоғамның барлық тобын ортақ мақсат жолында біріктіріп, еліміздің ұзақмерзімді тұрақты дамуына негіз қалайды. Біз біргеміз! Қазақ елі бізге аманат!



Ерлан СЫДЫҚОВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, академик:

ҰЛЫ ДАЛА ҮНДЕСТІГІ

шысы оның көкжиегі кең, тарихымыздың әр белесі бізге бөлінуді емес, бірігуді, қиратуды емес, жасампаз болуды үйретіп келеді деп атап өтті. Сөйтіп, оған тамыры терең өркениеттік көзқараспен қарау керек деген ойды ұғындырды.

Ғылым мен білім де ешқашан назардан тыс қалып көрген емес. Ғылымды дамыту, оның ішінде қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін әлі де көп жұмыс жасап, ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыруға, ғылым мен өндірістің байланысын күшейтуге баса мән бергеніміз абзал.

Президент білім мен тәрбиенің қатар жүруінің маңыздылығын да атап өтті.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сон-

дықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды» деген сөзі осының айғағы болса керек.

Биыл – Ұлы Абайдың 180 жылдығы. Алыс-жақын елдерде Абай институтын құру жөніндегі Президент ұсынысы қолға алына бастады. Шет мемлекеттерде төл мәдениетімізді насихаттайтын орталық ретінде ол Гете, Конфуций, Сервантес институттары секілді миссияны атқаратын болады.

Осы алқалы жиын, ондағы әңгіме арқауына айналған көкейтесті мәселелердің бәрі еліміздің нығайуы мен өркендеуі жолындағы маңызды қадамдар деп санаймын. Біз Қазақстанның жарқын болашағына жету үшін барлық күшімізді жұмсаймыз.



Елімізде дін бостандығына кепілдік берілген. Бірақ жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке жол беруге болмайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтай отырысындағы сөзінен



ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ
БҰРАБАЙ, 2025 жыл

Марат МҰСТАФИН,
Астана қаласы Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері:

САЛТ-ДӘСТҮРМЕН ТӘРБИЕЛЕЙІК

– Президенттің Бурабайда өткен құрылтайы – еліміздің болашағына бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Біз, ардагерлер, еліміздің дамуына өз үлесімізді қосып келе жатқан азаматтар ретінде, бұл шараның маңызын терең түсінеміз. Президенттің бастамалары әрқашан да елдің тұрақтылығы мен экономикалық өсіміне бағытталады. Бұл құрылтайда айтылған мәселелер халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік және экономикалық реформаларды жүзеге асыру, жастарға қолдау көрсету сияқты маңызды бағыттарды қамтыды. Сондай-ақ ұлттық болашағына тікелей қатысты дін мәселесін де Президент назардан тыс қалдырмаған екен.

«Теріс ағымдарға, қазақтың болмысына жат идеологияларға тосқауыл қою қажет екеніне еш күмән жоқ. Елімізде дін бостандығына кепілдік берілген. Бірақ жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке жол беруге болмайды. Діннің аса маңызды миссиясы – ұлтты ұйыстыру. Діни ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар осы талапқа сай болуға тиіс. Бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Соның ішінде заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеп отыру өте маңызды» деді Мемлекет басшысы.

Шын мәнінде бұл – жастарға үлгі боларлық сөз. Біз ардагерлер қауымы ең бірінші ұлттық салт-дәстүрді құрметтеу мәселесі бүгінгі таңда өте маңызды тақырыптардың бірі деп есептейміз. Әсіресе, жастарды дінге ұрынбау үшін, ең алдымен, олардың өз мәдениеті мен дәстүрлерін терең түсініп, құрметтеуін қалыптастыру қажет. Өйткені жастарды өз елінің салт-дәстүрін құрметтеуге үйрету олардың ұлттық болмысын сақтап, жат діни

жол бөруге болмайды. Діннің аса маңызды миссиясы – ұлтты ұйыстыру. Діни ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар осы талапқа сай болуға тиіс. Бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Соның ішінде заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеп отыру өте маңызды» деді Мемлекет басшысы.

Шын мәнінде бұл – жастарға үлгі боларлық сөз. Біз ардагерлер қауымы ең бірінші ұлттық салт-дәстүрді құрметтеу мәселесі бүгінгі таңда өте маңызды тақырыптардың бірі деп есептейміз. Әсіресе, жастарды дінге ұрынбау үшін, ең алдымен, олардың өз мәдениеті мен дәстүрлерін терең түсініп, құрметтеуін қалыптастыру қажет. Өйткені жастарды өз елінің салт-дәстүрін құрметтеуге үйрету олардың ұлттық болмысын сақтап, жат діни

ағымдар мен теріс идеологияларға ұрынбауына көмектеседі. Қазақтың ұлттық құндылықтары жастарға өзінің тамырларына, ата-бабаларының жолына, ұлттың тарихына деген мақтаныш сезімін оятады. Бұл дәстүрлер жас ұрпақтың санасына дұрыс бағыт беріп, оларды дұрыс таңдау жасауға, қоғамда үйлесімді өмір сүруге тәрбиелейді. Сондықтан біз бұл бағытта қоғам болып әр нәрсенің жақсы жағын қабылдауға, үйренуге атсалысуымыз керек деп ойлаймын. Ардагерлер ретінде біз өз тәжірибеміз бен білімімізді жастарға жеткізіп, елдің болашағы үшін алдағы уақытта да өз үлесімізді қосуға дайынбыз. Ал бұл құрылтай әрбір қазақстандықтың өз отанына деген патриоттық сезімін арттырып, ортақ мақсатқа жетуге деген ұмтылысын күшейтеді деген сенімдеміз.



Асхат НАЛШЫБЕК,
елордалық «Жас сарбаз» қозғалысының төрағасы:

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН САҚТАЙЫҚ

– Ұлттық құрылтайда азаматтық қоғам, мәдениет пен руханият, білім мен ғылым, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары талқыланды.

Құрылтайдың басты мақсаты – қоғамды біріктіру үшін маңызды идеялар мен шешімдерді ұсыну. Ерекшелігі де сол, жиынға әртүрлі өңірлер мен түрлі салалардың өкілдері, яғни ғалымдар, мұғалімдер, дәрігерлер, мәдениет және спорт қайраткерлері, журналистер, үкіметтік емес

ұйым мүшелері мен жастар көшбасшылары қатысты. Бұл әртүрлі пікірлерді ескеріп, халықтың мүддесін қорғауға көмектеседі.

Айта кету керек, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына дайындық елдің тарихи жадын жаңғыртып, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге бағытталған. Бұл мереке – тек өткенді еске алу ғана емес, сондай-ақ ұрпақтар сабақтастығын нығайтудың маңызды құралы. Осыған байланысты батырлық пен Отан алдын-

дағы борышты дәріптейтін көптеген іс-шаралар өтеді. Ал білім мен рухани даму мәселелерін құрылтайдың алғашқы күнінен бастап негізгі тақырыптардың бірі болды.

Жалпы, көтерілген бастамалар мемлекеттің әлеуметтік мәселелермен күрестегі жүйелі әрі тиімді ұстанымын көрсетеді. Қауіпсіз, әділетті және рухани бай қоғам құру – баршамыздың ортақ мақсатымыз.



Рысжан ШАМҰРАТОВА,
Астана қаласындағы №2 «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицей интернатының директоры:

ҚҰРЫЛТАЙДАН ХАЛЫҚТЫҢ КҮТЕРІ КӨП

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда Ата заңға түзетулер енгізуде Парламент күзиреті кеңейтіліп, Үкімет жауапкершілігі артқанын, адам құқықтарын қорғау жүйесінің ілгерілеп жатқанын тілге тиек етті. Әрі жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше назар аударып, білім мен тәрбиенің егіз ұғым екендігіне баса назар аударды.

Аманат партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы «Білім және денсаулық мәселелері» комиссиясының мүшесі ретінде бұл тақырыптың өзектілігін терең түсінемін. Ұрпақ тәрбиесі – тек ата-ананың немесе мектептің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Сол себепті осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп, жас буынды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Мемлекет басшысы тағы да назар аударған мәселе – бұқаралық ақпарат құралдары, медиа саласы арқылы ұрпаққа ұлттық тәрбие беру. Алдымен ата-ана енді дамып келе жатқан сәбиінің алдында үнді немесе түрік сериалдарын қарамай, керісін-

ше қазақ тіліндегі мультфильмдерді бірге көріп талқыласа, сол арқылы тілі де, танымы да, ойы да, көзқарасы да дамиды деген түсінік еді. Балаға дағдыны ерте бастан қалай қалыптастырсақ, солай кететінін әр көзі ашық адам біледі. «Не ексең, соны орасың» деген сөз бар. Президент «Шоқан. Қашқария сапары» мультфильмін тілге тиек ете отырып, балалардың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қызығушылығын ояту, сол арқылы тарихи тұлғалар өмірі мен шығармашылығын насихаттау, мультфильм арқылы ұлттық тәрбие беру үшін бала болашағына ықпал ететін ани-мацияны дамытуды тапсырды.

Тағы да құрылтай аясында елімізде кітап оқу күні белгіленуі туралы сөз қозғалды. БАҚ-тың орта білім беру жүйесіндегі пайдасы, ол арқылы балаларға мектеп қабырғасынан газет оқуға ынталандыру, кітапханашылардың қызметін жүйеге келтіру мәселелері сөз болды.

Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапха-

на ісін дамытуға бейжай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек. Оқырмандар саны көбейсе, ұрпақты бала кезінен кітапқа қызықтыра алсақ, саналы, білімді, сөзге шебер, еркін азамат болатынын білеміз. Мемлекет басшысы кітап сөрелерінде қазақ тілді әдебиет санын көбейтуді тапсырды. Сонымен бірге бұл құрылтай аясында ойын бизнестің жарнамауға тыйым салу, тарихи ескерткіштер мен табиғи нысандарды қорғау, әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, батырлар есімін ұлықтау, есірткі қылмысына жазаны күшейту, ономастика ережелерін жаңарту бастамалары айтылды.

Алдыңғы құрылтайда сөз болған ең іргелі құндылықтар – бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық еліміздің өсіп өркендеуі үшін ешқашан күшін жоймайды. Президенттің құрылтайда сөйлеген сөзі әр қа-тысушыға үміт ұялатып, ел дамуына серпін беретін қажырлы еңбекке шақырғандай.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

АСТАНАДА ҚҰРЫЛЫС
ҚАЛДЫҚТАРЫ ҚАЛАЙ
БАСҚАРЫЛАДЫ?


Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек бас қалада коммуналдық қалдықтарды басқару саласына цифрлық құралдарды енгізу аясында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. «Ең алдымен контейнерлік алаңдарды, полигондарды, көлік құралдарын және т.б. қамтитын қатты тұрмыстық қалдықтар инфрақұрылымының цифрлық картасы жасалды. Қызмет тұтынушылары туралы деректер цифрландырылды. Шарттар бойынша операциялар, сондай-ақ логистика және қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету мониторингі цифрлық форматқа ауыстырылды. Жасанды интеллект элементтерінің көмегімен ағымдағы ауа райы жағдайлары мен жолдардағы кептелістерді ескере отырып, оңтайлы бағдарлар қалыптасады» деді әкім.

Оның айтуынша, қоқысты шығару фактісін растаудың екі деңгейі енгізілді: көліктің орнына келгені туралы GPS-расталу және қатты тұрмыстық қалдықтарды түсіруге «дейін» және «кейін» фотофиксациясы. Осылайша, цифрлық жүйе коммуналдық қалдықтарды кепілдендірілген шығару жүйесін құруға мүмкіндік берді. «Цифрлық жүйені қолданысқа енгізгеннен кейін тұрғындар тарапынан түсетін шағымдар аптасына 200-ден 1-2 шағымға дейін төмендеді. Есепке алынбаған абоненттер саны азайды және төлемдерді жинау 75 пайызға дейін ұлғайды. Жыл соңына дейін заңды тұлғаларды толық қамтимыз» деп түсіндірді Ж.Қасымбек.

Цифрлық жүйені енгізу және күтіп-ұстау мемлекеттік қаржыландырусыз қоқыс шығаратын компаниялар есебінен жүргізіледі. «Сонымен қатар, халық санының жыл сайынғы өсуі, пайдалануға берілетін тұрғын үй кешендерінің аумағының ұлғаюы қалдықтардың жинақталуы мен түзілу нормаларының ұлғаюына алып келеді. Осыған байланысты рұқсат етілмеген полигондардың пайда болуы өзекті мәселе болып қала береді, олардың 95 пайыздан астамы құрылыс қалдықтарынан тұрады. Мысалы, өткен жылы ғарыш-мониторинг нәтижелері бойынша 414 заңсыз қоқыс нүктесі анықталды, оның 90 пайыздан астамы жойылды. Қалғандары жақын арада ауа райы қолайлы болған кезде жойылады. Жаңа рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерінің пайда болуына жол бермеу бағытындағы іс-шараларға келсек, Экология министрлігімен бірлесіп, Астана қаласының аумағында құрылыс қалдықтарын басқару қағидаларының жобасы әзірленді. Ол құрылыс қалдықтарымен жұмыс істеуді және қалдықтардың қозғалысын есепке алу мен бақылау жөніндегі цифрлық құралды енгізуді регламенттейді. Осы ережелерді ағымдағы жылдың сәуірі айының соңына дейін бекіту жоспарлануда. Осыдан кейін барлық құрылыс нысандарына әрбір рейстің құрылыс қалдықтарын есепке алу бойынша ақпараттық жүйе енгізуге кірісеміз. Мұндай іс-ша-

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ – ӨЗЕКТІ

Кеше Астанада Үкімет отырысы өтіп, күн тәртібінде коммуналдық және өнеркәсіптік қалдықтарды басқару мәселесі талқыланды. Жиында Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов, Астана қаласы әкімі Жеңіс Қасымбек, Ұлытау облысының әкімі Дастан Рысбеков баяндама жасады.



ралар құрылыс қалдықтарын шығаруды реттеуге, мемлекеттік бақылау орнатуға және рұқсат етілмеген полигондарды болдырмауға мүмкіндік береді» деді қала басшысы.

ҚОҚЫС ТАРИФТЕРІН ӘКІМДІКТЕР БЕКІТЕДІ

Бұл туралы Экология министрі Ерлан Нысанбаев мәлімдеді. Оның айтуынша, қазіргі тарифтер тиісті қызмет көрсету шығындарын өтемейді. «Тиімділікті арттыру мақсатында біз шекті тарифтерді бекітуді әкімдіктер құзыретіне береміз. Заңнамаға тиісті түзетулер Мәжілістің қарауында жатыр. Бұған қоса, министрлік мәселені жүйелі шешу мақсатында тұрмыстық қалдықтар тарифін 3 жылда кемінде бір рет қайта қарау кезеңділігі бойынша Кодекске түзетулерді әзірледі» деп түсіндірді мәселені министр.

Ерлан Нысанбаев елімізде тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) жинауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер арнайы кәсіпорындардың шығындарын жабуды қамтамасыз етпейтінін ашық айтты. «Республикада жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам қалдықтар түзіледі, бұл ретте 2024 жылы қайта өңдеу деңгейі шамамен 26%-ды құрады, бұл жоспарланған 30%-дан төмен. Аталған мәселені шешу үшін министр мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) тетігін енгізуді ұсынды. Осы тетік шеңберінде ТҚҚ-ға шекті, экономикалық негізделген тарифті бекіту, сондай-ақ оны әкімдіктер деңгейінде белгілеу жөніндегі құзіретті айқындау ұсынылуда. Ол бойынша қазіргі және ұсынылатын тарифтер арасындағы айырмашылықты утиль алымдары есебінен жабу жоспарланып отыр» деді министр. Бұған қоса, Мемлекет басшысының ірі қалаларда қоқыс өңдеу зауыттарын салу жөніндегі тапсырмасын іске асыру шеңберінде утиль алымдары есебінен жеңілдікпен қаржыландыру тетігі бекітілді. Ол утиль төлемі есебінен қаржыландырылатын, төлемдер бойынша екі жылға

дейінгі демалысы бар жылдық 3%-дан 15 жылға дейінгі қарыз-көптігі бақылау орнатуға және Министрлік әкімдіктер ұсынған құны шамамен 317 млрд теңге болатын 67 жобаны мақұлдады, оның 43-і қалдықтарды қайта өңдеуге бағытталған.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАНЫ КІМ БҰЗАДЫ?

Елімізде қалдықтарды басқару талаптары бойынша экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін 2022 жылдан 2024 жылға дейін 14,3 млрд теңге сомасына 405 айыппұл салынды. Бұл ақпаратты да Үкімет отырысында Ерлан Нысанбаев жария етті. «Ең маңызды жағдайлар-

ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАР ӨНДЕЛЕДІ

Алқалы жиында сөз алған Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев Қазақстанда 330 млрд теңгеге өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу бойынша 25 жоба іске асырылып жатқанын мәлім етті. Ол 133 млрд теңге сомасына 8 жоба енгізілгенін атап өтті. Биыл 110 млрд теңге сомасына 7 жаңа жобаны іске қосу жоспарлануда. «Сынықтарды, пластмассаларды, шыныларды және басқа да өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу бойынша іске асырылып жатқан жобалар қалдықтарды тұрақты басқару, экологияны жақсарту және саланың экономикалық

сатында экологиялық заңнаманы, стандарттар мен нормаларды сақтай отырып, өнеркәсіп қалдықтары және мұнай қалдықтарымен жұмыс жүргізуде. «Атап айтқанда, қалдықтарды өндіру, кәдеге жарату, қайта өңдеу немесе басқа салаларда пайдалану сатысында пайда болатын қалдықтардың көлемін азайтуға бағытталған технологиялар қолданылады. Мұнай шламының пайда болуына жол бермеу бағытындағы іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіледі. Оның құрылуына қарай не өз күшімен, не мамандандырылған ұйымдарды тарта отырып, жинау және қайта өңдеу жүргізіледі, мұнай шламын көмуге жол берілмейді. Өндіріс процесінде пайда болған мұнай шламы жинақтау кезеңін айналып өтіп, дереу өңдеуге немесе кәдеге жаратуға жіберіледі» деді Энергетика министрі. Мәселен, «Қаражанбасмұнай», «ӨзенМұнайГаз», «МаңғыстауМұнайГаз» және «ЕмбіМұнайГаз» компанияларының нысандарында тарихи мұнай қалдықтарын кәдеге жарату және ластанған жерлерді тазарту жұмыстарын «ҚазМұнайГаз» ҰҚА жүргізуде. 2018-2024 жылдар аралығында шамамен 4,5 млн тонна тарихи мұнай қалдықтары өңделді, оның 1 млн тоннаға жуығы 2024 жылы өңделген.

өтті. «Қалдықтарды басқару жүйесін дамыту үшін былтыр елімізде арнайы жеңілдікпен қаржыландыру тетігі бекітілген болатын. Бүгінде 94 жобадан тұратын пул жасақталды. Алайда оларды іске асыру барысы мүлдем мардымсыз. Бүгінде 67 жоба қаралған. Соның 6-уы ғана 4 млрд теңге сомасында қаражатпен қамтамасыз етілген. Бұл жобаларды дайындау барысында әкімдіктердің тарапынан үйлестіру шараларының жеткіліксіз екенін білдіреді. Жобаларды іске асыру, жабдықтарды жаңарту, жаңа технологияларды енгізу бойынша барынша белсенді жұмыс жүргізу керек» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Экология және табиғи ресурстар министрлігіне Өнеркәсіп қорымен және әкімдіктермен бірлесіп, қалдықтарды басқару саласындағы жобаларды іске асыру жұмысын күшейту тапсырылды. Үш ай мерзімде бекітілген тізімнің ішінен қаржы бөлінген жобалар санын кемінде 5 есеге арттыру қажет. Бұл ретте, өңір әкімдіктері қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу жөніндегі әрбір жобаға олар іске қосылғанша толық қолдау көрсету маңызды.

КҮЛ ҮЙІНДІЛЕРІ КӨБЕЙІП КЕТТІ

«Жыл сайын отандық кәсіпорындарда 1 млрд тоннаға жуық қалдық жинақталып қалады. Оларды қайта өңдеу көлемі шамалы, небәрі 11%-ды құрайды. Ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 70-80%-ға жетеді. Сонымен қатар кен орындарындағы үйінділердің құрамында бағалы және сирек кездесетін металл қоспалары бар. Оларды алу үшін тиімді жаңа технологияларды қолдану қажет. Энергетика кәсіпорындарының күл үйінділері де көбейіп барады. Барлық қалдықтарды тиімді басқарудың айқын жүйесін жасап, оны цифрландыру қажет. Дұрыс тәсілдерді қолдану арқылы қалдықтарды жойып қана қоймай, олар өңделіп, қайтадан кәдеге жаратылуға тиіс» деп атап өтті Олжас Бектенов. Экология, Өнеркәсіп, Энергетика және Цифрландыру министрліктеріне коммуналдық және өндірістік қалдықтарды басқару, мониторинг жасау және бақылау саласында цифрлық шешімдер әзірлеу тапсырылды. Премьер-министр бүгінде отандық тау-кен компаниялары қалдықтарды қайта өңдеп, оның ішінде құрылыс материалдары мен тыңайтқыштар және басқадан 30-ға жуық өнім түрін шығаратын жобаларды бастағанын мәлім етті.

Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов Экология және табиғи ресурстар министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 1 қыркүйекке дейін қалдықтарды басқару процестерін орталықтандыруға, барлық мүдделі тараптарды тартуға, циклдік экономика моделін құруға бағытталған қалдықтардың барлық түрін басқару тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырды.



дың қатарында қалдықтарды қажетті экологиялық рұқсаттан артық жинағаны үшін «Каспий Мұнай» АҚ-ға салынған 13,7 млрд теңге мөлшеріндегі айыппұл бар. «AltyntauKokshetau» АҚ және «Қаржы-инвестициялық корпорация» АҚ нормативтен тыс қалдықтарды жинағаны үшін жауапқа тартылды, олар тиісінше 145 млн теңге және 108,7 млн теңгені құрады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әрбір кәсіпорын қалдықтардың көлемін азайту мақсатында ең үздік қолжетімді техниканы пайдалануды ескере отырып, қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеуге міндетті екенін атап өткен жөн» деді ол.

тиімділігін арттыру үшін негіз болады» деді Ерсайын Нағаспаев.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА БАСТАДЫ

Үкімет отырысында отын-энергетика кешеніндегі қалдықтарды басқару мәселелері де қаралды. Энергетика министрі Ерлан Ақкенженовтің ақпараты бойынша, жер қойнауын пайдаланушылар қоршаған ортаға әсерді азайту мақ-

26 ПАЙЫЗЫ ҒАНА ҚАЙТА ӨНДЕЛЕДІ

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметі бойынша, елімізде жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам коммуналдық қалдықтар түзіледі, ал 2024 жылы кәдеге жарату деңгейі шамамен 26%-ды құраған. Премьер-министр Олжас Бектенов экологиялық ахуалға, халықтың денсаулығы мен тұрмыс сапасына әсер ететін қалдықтарды басқарудың маңыздылығын атап

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАРЫ

ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС, ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІКТЕРІ

өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі өнеркәсіптік және энергетикалық кәсіпорындарды қолдау мен ынтылаандырудың нақты шараларын әзірлесін.

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР, ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС, ЭНЕРГЕТИКА, ЦИФРЛЫҚ ДАМУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ АЗРОҒАРЫШ ӨНЕРКӘСІПІ МИНИСТРЛІКТЕРІ

— коммуналдық және өндірістік қалдықтарды басқару, мониторинг жасау және бақылау саласында цифрлық шешімдер әзірлесін.

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАРЫ

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ ӨНЕРКӘСІП ҚОРЫМЕН ЖӘНЕ ӘКІМДІКТЕРМЕН БІРЛЕСЕ,

қалдықтарды басқару саласындағы жобаларды іске асыру жұмысын күшейтіп, 3 ай мерзімде бекітілген тізімнің ішінен қаржы бөлінген жобалар санын кемінде 5 есеге арттыруы қажет.

Өңір әкімдіктері қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу жөніндегі әрбір жобаға олар іске қосылғанша толық қолдау көрсетсін.

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ МҮДДЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН БІРЛЕСІП,

1 қыркүйекке дейін Қалдықтардың барлық түрін басқару тұжырымдамасын әзірлеуі тиіс.

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР, ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІКТЕРІ ӘКІМДІКТЕРМЕН БІРЛЕСІП,

2 апта мерзімде қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату саласындағы жобалар тізбесін анықтасын.



ҚЫТАЙ ЕЛШІЛІГІНІҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРАСЫ

Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшілігі елордадағы «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорына барып, «Шуақты көктемде балаларға мейір бағыштау» атты қайырымдылық акциясын өткізді, деп хабарлады Elordainfo.kz.

Іс-шараға Қытайдың Қазақстандағы елшісі Хань Чунь-линь қатысып, орталықтың жалпы жағдайымен танысты әрі балаларға ізгі тілегін білдірді. Елші алдымен қазақ халқын Наурыз мейрамымен құттықтап, қазақ тілін үйренуге ниетті екенін аңғартты. Ол сондай-ақ өз сөзінде Қытай мен Қазақстан арасындағы тығыз экономикалық, мәдени байланыстарды атап өтті.

Хань Чуньлинь екі елдің мәдениеті мен дәстүрлерінің ұқсастығын да сөз ете келіп, аталған орталыққа бұдан былай да қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Іс-шара барысында «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорының 40 тәрбиеленушісіне сыйлықтар табысталды. Қоғамдық қор жетекшісі Ботагөз Сұлтанова Қытай елшісіне көрсеткен қолдауы үшін айрықша алғыс айтып,

қайырымдылық акциясының маңыздылығын атап өтті: «Біздің қор мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған 1000-нан астам отбасына қолдау көрсетеді. Біз балаларға арнайы сабақтар, ата-аналарға тренингтер ұйымдастырамыз. Бүгін Қытай елшілігінің қолдауымен 40 балаға арнайы сыйлықтар берілді және орталығымызға қажетті шағын жабдықтар сатып алынды» деді ол.

ӘР ІСІҢЕ ЖАУАП БЕР

Астанада кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу үшін ерекше шара өтіп жатыр. Maqsut Narikbaev University конституциялық және саяси зерттеулер институты Астана қаласының Білім басқармасымен бірлесіп, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алуға бағытталған «Jaуap Ber» әлеуметтік маңызды жобасын іске асыруды жалғастыруда.

Жоба аясында MNU омбудсмендер клубының студенттерін белсенді тарта отырып, оқушылар қылмыстық атқару жүйесінің мекемелеріне барып, онда сотталғандарды ұстау шарттарын өз көздерімен көріп, қылмыстық әрекеттердің нақты салдары

туралы біледі. Экскурсия түсіндіру жұмыстарымен бірге жүреді, оның барысында қызметкерлер заңсыз әрекеттердің құқықтық салдары туралы және тіпті бір қателік адамның тағдырын қалай түбегейлі өзгерте алатындығы туралы айтады.

Іс-шараның мақсаты – жасөспірімдердің заңға саналы көзқарасын қалыптастыру, ықтимал құқық бұзушылықтардың алдын алу және жастарға бостандық жоғалту оңай, бірақ қайтару өте қиын құндылық деген ойды жеткізу болып табылады.

МАС ЖҮРГІЗУШІ – ҚЫЛМЫСКЕР

Астанада көлікті мас күйде жүргізген 30-ға жуық жүргізушісі ұсталды, деп хабарлады Elordainfo.kz.

Елордада мереке күндері жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілген «Мас жүргізуші» жедел алдын алу шарасы барысында полиция қызметкерлері Б.Момышұлы даңғылының бойында Naval автокөлігін тоқтатады. Тексеру кезінде көлік тізгінінде отырған азаматтың жүргізуші куәлігі жоқ екені және алкогольдік масаң күйде болғаны анықталды. Сонымен қатар көліктің заңды иесі де мас күйде болып, автокөлікті жүргізуші куәлігі жоқ досына басқаруға бергені белгілі болды.

Медициналық тексерістің нәтижесінде екі азаматтың да масаң күйде болғаны расталды. Оларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, Naval автокөлігі айыппұл тұрағына орналастырылды.



«Соттың шешімімен автокөлік иесі 15 тәулікке қамауға алынып, 7 жылға жүргізуші куәлігінен айырылды. Ал көлік жүргізушісі 20 тәулікке әкімшілік қамауға алынды. Сонымен қатар мереке күндері полиция қызметкерлері ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабы бой-

ынша 31 құқық бұзушылық анықтады» делінген полиция хабарламасында.

Полиция департаменті азаматтарды жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға, көлікті мас күйде басқармауға және өзгенің өміріне қауіп төндірмеуге шақырады.

ӘЛЕУЕТІ ЗОР ЖОБА

Астана қаласы әкімдігінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан JOLTAP әлеуметтік жобасы бүгінде қала тұрғындары арасында кең танылып келеді. Әлеуеті зор жобаға қатысушылар қысқа мерзімді тегін курстардан өткен соң өз салаларында жетістіктерге қол жеткізуде.

Әуелгі мақсат елорда тұрғындарының цифрлық сауаттылығын арттыру және еңбек нарығында тиімді жұмыс істей алатын, қажетті дағдыларды игерген мамандарды дайындау болса, жоба діттеген үдеден шығып келеді. Оған қатысушылары цифрлық технологиялар мен интернет-қызметтерді пайдалана отырып, өз кәсіптерін дөңгелетуде. Солардың

жоба арқылы мақсаты бір, неше түрлі идеялары бар адамдарды таптым» деді жоба қатысушысы Айнаш Тілеуханова.

«Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері арқылы қысқа мерзімді оқуға жазылуға, jumystar.kz сайтына тіркелуге және жоба серіктестерінен жұмыс табуға мүмкіндік қарастырылған. Сондай-ақ 52 мемлекеттік қолдау шарасы

цифрлық көмек көрсетіледі.

Жұмыс іздеуге және қызметкерлер табуға арналған JUMYSTAR платформасында қаланың 2 мың жұмыс берушісінен 3 мыңнан астам вакансия ұсынылған. Аталған платформаның 14 мыңнан астам бірегей қолданушысы бар.

Осылайша, қаладағы әлеуметтік және еңбек мәселелерін



бірі, қала тұрғыны – Айнаш Тілеуханова. Ол бірнеше курсты аяқтап, игерген дағдыларын қонақтарға арналған жиһазды жалға беру бизнесін дамыту үшін қолданып жатыр.

«Мен үйде және мейрамханаларда болатын отбасылық той және басқа да мерекелік іс-шараларға жиһаз, ыдыс-аяқтарды жалға беріп, кәсіпкерлікпен айналысып отырмын. JOLTAP жобасы арқылы бір емес, бірнеше курсты тегін оқып алдым. Оның ішінде мобилография, SMM, видеомонтаж, графикалық дизайн және Kaspi арқылы сауда жасаудың негіздері бар. Мұның бәрі кәсібімді дамытуға пайдасын тигізіп жатыр. Өз аккаунтымды жүргіземін, контент жасаймын. Сондай-ақ



бойынша кеңес алуға болады, оның ішінде жастарға арналған несие, тұрғын үй кезегі, АӘК алу және т.б. кеңестер беріледі. Сонымен бірге ЭЦҚ кілтін алу, кезекте қызметтері сияқты

шешуге бағытталған маңызды бастама тұрғындардың цифрлық қоғамға бейімделуіне және өз кәсібі бойынша жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуіне ықпал етеді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ТІРЕГІҢ

Қазіргі заман талабына сай әрбір азамат өзінің құқықтары мен міндеттерін жете білуі қажет. Біліп қана қоймай, оны қажетіне сай күнделікті өмірде қолданып, құқықтарының тиісті деңгейде қолданылуын талап етуі қажет. Өзі де, заң талаптарының орындалуын, құқықбұзушылықтардың орын алуына жол бермеуі қажет. Әрбір адам өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын заңдарды білуі қажет. Сонымен қатар, құқықбұзушылықтарға жол берген жағдайда көзделген жауапкершіліктерді білуі тиіс.

Жалпы Заң дегеніміз – құқықта мемлекет белгілеген бүкіл нормативтік-құқықтық актілер, жалпыға бірдей міндетті ережелер.

Тәртіп – адамдардың белгілі бір қауымдастығындағы, тіршілік қарекеті саласындағы реттіліктің, жөн-жосықтылық пен ұйымшылдықтың сапалық сипаты; адам мінез-құлқының қоғамда қалыптасқан құқық, мораль нормаларына не әлдебір ұйымның жарғылық талаптарына сәйкестігі. Ол жүйелілік, жауапкершілік және ішкі мәдениет, адамның өзіне деген, өзгелерге деген құрметін білдіреді.

Қоғамдағы заң мен тәртіп – бұл адамдар арасындағы өзара қатынастарды реттейтін және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін негізгі қағидалар. Заң – бұл мемлекеттің шығарған ресми ережелері мен нормала-

рының жиынтығы, ал тәртіп – сол заңдардың орындалуын қамтамасыз ететін жағдай мен жағдайларды білдіреді. Заң мен тәртіптің дұрыс үйлесімі қоғамның дамуына, адамдардың қауіпсіздігі мен бостандығына негіз болады.

Заң – мемлекеттің азаматтарының құқығы мен міндеттерін белгілейтін, сондай-ақ олардың әрекеттерін реттейтін негізгі құрал. Ол барлық азаматтар үшін бірдей, ешкімге артықшылық берілмей орындалуы тиіс. Заң шығарушы органдар қоғамдағы барлық саланы реттейтін нормативтік актілерді қабылдайды. Заңдар қоғамның әртүрлі салаларында әділеттілік пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін қабылданады. Заңның басты мақсаты – қоғамдық қатынастарды реттеу, адамның құқықтарын қорғау және әділеттілікті орнату. Алай-

да заң тек қағазда ғана жұмыс істемейді, оның тиімділігі тек адамдар оны ұстанған жағдайда ғана көрінеді.

Тәртіп – бұл заңның орындалуын қамтамасыз ететін жүйе. Қоғамдық тәртіптің сақталуы адамдардың жауапкершілігін арттырады, оларды құқық бұзушылықтан сақтандырады.

Қоғамның дамуы мен тұрақтылығы үшін әр адам өзінің құқықтары мен міндеттерін білумен қатар, заңды және тәртіпті ұстану арқылы мемлекетімізді дамытуға өз үлесін қосуға атсалысу қажет.

М.МЕЙРАМБАЕВА,
Астана қаласы Әділет департаментінің коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы

Елорданың 6 ауданындағы барлық ашық алаңда, тұрғын алаптарда Наурыз мейрамына арналған мерекелік іс-шаралар өтті.



Сұлтан СЕЙІТ

Елорда әкімдігі ғимаратының алдындағы қалалық алаң мен «Бәйтерек» монументі маңында мерекелік іс-шаралар басталып, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды. ЭКСПО алаңында ұлттық спорт түрлерінен жарыстар, қолөнер жәрмеңкесі мен мерекелік сауда-саттық өтті. Сарыарқа ауданындағы қалалық алаңда мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Аумақта киіз үйлер тігіліп, елордалық қонақтар ұлттық қолөнермен танысып, ұлттық тағамдар сатып алатын дәстүрлі өнімдердің жәрмеңкесін көрді. Байқоңыр ауданында Ататүрік саябағында қазақ күресі, арқан тарту, гір көтеру, асық ату, қой көтеру, т. б. ұлттық ойындар жарысы өтті. Өз-Наурыз мерекесіне арнайы фотоаймақ та ұйымдастырылды. Өнер жұлдыздарының қатысуымен мерекелік концерт болды. Жазушылар аллеясында мерекелік концерт өтті. Сарайшық ауданында «Қазақ елі» монументі жанындағы алаңда мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасты. Алматы ауданында Наурыз Тәуелсіздік даңғылында орналасқан әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының аумағында басталды. Нұра ауданында мерекелік шаралар 20 наурызда басталды. «Астана Арена» стадионы алдындағы алаңда қолөнершілердің сауда орындары ашылып, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтті. Есте қаларлық фотосуреттер үшін бұл жерде бүркітшілер, тазылар, түйелер мен сәйгүліктер бар, сондай-ақ тақырыптық фотоаймақтар ұйымдастырылды, киіз үйлер мен картиналар көрмеге қойылып, іс-шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ЖАРЫСТАРЫ

Астананың Паралимпиадалық дайындық орталығында спорт пен ұлттық дәстүрді үйлестірген ерекше іс-шара өтті. 180-ге жуық қатысушы арқан тартыс, бес тас, асық ату және тоғызқұмалақтан бақ сынады. Іс-шара барысында дәстүрлі әндер шырқалып, мерекелік концерт қойылды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШАРАНЫ ҚОЛДАДЫ

Тазару күні Сарайшық ауданындағы Compass North тұрғын үй кешенінің тұрғындары экологиялық акцияны қолдап, сенбілікке шықты. Олар ауласын қардан тазартып, қоқысты жинады.

«Тұрғындардың ұйымшылдығы мен ауызбіршілігінің арқасында барлығымыз бірігіп сенбілікке шықтық. Негізгі ұранымыз – «алыстағы ағайыннан жақындағы көршің артық». Осылайша, бір-бірімізді тазалықты сақтауға, сыйлауға шақырып отырамыз» дейді Compass North МИБ төрайымы Мөлдір Құлтанбаева.

ГҮЛЗАРДА ӨТКЕН ДУМАН

Байқоңыр ауданындағы С.Торайғыров көшесі, 2, 4-үйдің тұрғындары мейрамды өз ауласындағы гүлзарда екі күн қатарынан ұйымшылдықпен тойлады.

Ұйымдастырушылардың бірі әрі осы үйдің тұрғыны Жанболат Зиятұлының айтуынша, аталған гүлзардың орнында ескі, сүруге кететін үйлер болған. Соны былтыр әкімдік тазалап, орнына осы қоғамдық кеңістікті салып берген. Гүлзарда тұрғындар демалатын орындықтар, футбол, волейбол ойлайтын алаң бар. Соған ризашылық білдірген халық гүлзарда осымен екінші рет мерекені өздері ұйымдастырып отыр.

ҰЛТТЫҚ СПОРТҚА 8500 АДАМ ҚАТЫСТЫ

Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы мерекелік спорт іс-шарасын ұйымдастырды. 21-22 наурыз күндері елордадағы 30 түрлі алаңда ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтіп, қала тұрғындары мен қонақтарына дәстүрлі ойындарды тамашалауға мүмкіндік жасалды. Екі



Ел төріндегі жаңару мерекесі





күнге созылған сайыстарға 8500-ге жуық адам қатысып, арқан тартыс, қазақ күресі, асық ату, тоғызқұмалақ, ләңгі тебу, қошқар көтеру сияқты ұлттық ойындарда бақ сынады. Жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

«Ұлттық спорт жарыстары ата-баба дәстүрін жаңғыртып қана қоймай, са-лауатты өмір салтын насихаттауға үлес қосты. Екі күнге созылған сайысқа тек астаналықтар ғана емес, Қазақстанның басқа қалаларынан келген азаматтар да белсенді қатысты. Жарыстардың ең көп көрермен жинаған бәсекесі – қошқар көтеру сайысы. Онда еліміздің әр өңірінен келген қатысушылар күш сынасып, ең мықтылар анықталды» деді қалалық Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Ержігіт Усербай.

ЭКСПО АЛАҢЫНДАҒЫ ЖӘРМӨҢКЕ

Наурыз мейрамы қарсаңында ЭКСПО халықаралық көрме орталығында жәрмөңке ұйымдастырылып, оған еліміздің әр өңірінен 100 тоннадан астам азық-түлік өнімдері қойылды. Мұнда жаңа піскен көкөністер мен жемістер, ет және сүт өнімдері, шығыс тәттілері, бауырсақтар және басқа да тәттілер болды. Азық-түлік жәрмөңкесіне 50-ден астам кәсіпкер қатысты. Олардың арасында гастро-



номия өнімдерін өндірушілер де бар. «Мерекелік жәрмөңкеге ұлттық өнімдеріміз – қымыз бен саумалдан жасалған балмұздақты ұсыну үшін Абай ауданынан келдік. Жұрт көріп таңғалды әрі мұндай ерекше өнімдерге қызығушылық танытып жатыр» деді қатысушылардың бірі Айдын Серікқазин.

Сондай-ақ қазақ мәдениетінен сыр шертетін түрлі атрибут қойылған. Жәрмөңкенің тағы бір бөлігі ұлттық киімдер, кәдесыйлар, картиналар,

ыдыс-аяқтар, тұрмыс заттары, төсек-орын жабдықтары және т. б. бар.

«Жәрмөңкенің басты мақсаты – отандық тауар өндірушілерді қолдау. Ол – шағын кәсіпкерлердің атын шығаруға, елорда тұрғындарына сапалы өнімді қолжетімді бағамен сатып алуға тамаша мүмкіндік» дейді Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы сауда және қызметті дамыту бөлімінің басшысы Әділ Қапсәлімов.

«НАУРЫЗ-2025» СЫЙЛЫҒЫМЕН МАРАПАТТАДЫ

Бейбітшілік және келісім сарайында ұлттық өнер мен дәстүрді дәріптеуге бағытталған республикалық «Наурыз-2025» ұлттық сыйлығының марапаттау рәсімі өтті.

«Наурыз-2025» сыйлығы биыл бесінші рет өтті. Биылғы байқаудың жаңалығы – «Қайта жаңғырған ұлттық музыка», «Ұлттық құндылықтарды насихаттаған үздік суретші», «Ұлттық этнографияға қосқан үлесі үшін» номинацияларының қосылуы.

– Бұрын адамдар шапанды алба-жұлба қып иықтарына іле салатын, ал бұған көңіл бөлінген соң дизайнерлер де жұмысын жандандыра бастады. Ұлттық аспаптар, ұлттық музыка, сурет өнері де солай жаңғырып келеді. Міне, Наурыздың мән-маңызын ашу үшін осындай байқаулар дами түсуі керек. «Наурыз-2025» байқауы қалалық әкімдіктің Мәдениет басқармасы тағайындаған сыйлық болғанмен, оны мемлекеттік деңгейге шығаруға болады. Біздің ұлттық құндылықтарымызды түгендеу ісінде бұл байқаудың өзіндік орны бар, – деді «Наурыз-2025» байқауы қазылар алқасының бас төрешісі, қоғам және мемлекет қайраткері Дархан Мыңбай.

Байқау нәтижесі бойынша «Үздік ұлттық этнокиім дизайнері», «Үздік ұлттық тағам өндіруші», «Үздік әнші»,

«Үздік жырау», «Үздік қолданбалы өнер шебері», «Үздік ұлттық музыкалық аспаптар шебері», «Қайта жаңғырған ұлттық музыка», «Ұлттық құндылықтарды насихаттаған үздік суретші», «Ұлттық этнографияға қосқан үлесі үшін» номинациялары бойынша жеңімпаздар марапатталды.

ЕРЕКШЕ ЭКО-КИІЗ ҮЙ

«Таза Қазақстан» ауқымды эко-акциясын жүзеге асыру аясында ЭКСПО алаңында өнер, технология және қоршаған ортаны қорғау бастамаларын насихаттайтын эко-киіз үй орнатылды. Орналасқан жердің басты ерекшелігі – жасанды интеллект арқылы жасалған картиналар.

– Біз экологиялық таза өмір салтын ұстанғысы келетіндердің барлығына тренингтер өткіземіз. Қатысушылар өмірде қолдана алатын пайдалы білім алады. Қалдықтарды сұрыптау – қоршаған ортаның ластануын азайтудың негізгі қадамдарының бірі. Қалдықтарды бөлек жинау ісін енгізу қайта өңделетін материалдарды қайта өңдеуге, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарына түсетін жүктемені азайтуға және олардың ыдырауынан болатын парниктік газдар шығарындыларын азайтуға көмектеседі, – деді эко-тренер Мариям Қасымова.

КҮЙ ЖӘРМӨҢКЕСІ

Күйшілер аллеясында «Наурызға шашу» атты мерекелік іс-шара өтті. Мереке күйшілік өнерімен қазақ халқына танылған күйші-композитор, Қазақ елінің халық әртісі, «Ғасыр адамы» атанған Дина Нұрпейісованың ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталып, жасы үлкен ақсақал салт-дәстүріміз бойынша өскелең ұрпаққа батасын берді.

«Халқымыз қашанда жыл басын ізгі ниетпен, үкілі үмітпен, ақжарқын тілекпен қарсы алады. Бұл – жаңару мен бірліктің символы. Әз-Наурыз мерекесі елордамызда 14 наурыздан бастап салт-дәстүрлер негізінде өрбіп жатыр. Күйшілер аллеясында халыққа мереке сыйлап отырған «Күй анасы» қоғамдық қорына алғысымызды білдіреміз» деді Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин.

Дәстүрлі IX күй жәрмөңкесін Астана қаласы Алматы ауданының әкімдігі және республикалық «Күй анасы» қоғамдық қоры бірлесіп ұйымдастырды.

Беттерді дайындағандар **Шапағат Әбдір, Салтанат Мұратқызы, Райхан Рахметова, Кербез Әлішер, Жібек Наурыз**

АРМЫСЫҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

Есіл ауданы Ардагерлер кеңесі ЭКСПО аумағындағы IT университетінде халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын насихаттайтын «Қош келдің, әз-Наурыз!» салтанатты жиынын өткізді.

Әжелер ақ кимешек, қызыл камзол, жасыл көйлектерімен, аталар қызыл-ды-жасылды бөркімен, ою-өрнекті ұлттық киімдерімен ерекшеленді, бір-біріне жақсы тілек білдірді. Ардагерлерден құралған «Замандастар» ансамблі «Биыл-ай», «Қызылқұмда ауылым», тағы да басқа халық әндерін орындаса, Құрманғазының «Балбырауын», Ә.Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйлері көңілді қуаныш пен шаттыққа бөледі. Есіл ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Шарипа Үстемірова, Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің орынбасары Мұрат Ірге-

баев жиналғандарға ақжарма тілегін арнады. «Парасат» зейнеткерлер шағын орталығының аналар тобы жаңа туған сәбиді бесікке салу, тұсау кесу рәсімдерін көрсетті. Қазақтың ұлттық ойыны – білекпен күш сынасу-дан жарыс өтті. Алыс-жақын елдерге барып, қазақтың ұлттық киімдерін насихаттап жүрген «Кербез Models» тобы сән үлгісін көрсетіп, көрермендерді тамсандырды.

Өріс ЯШҮКІРҚЫЗЫ,
Есіл ауданы Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі





– Ләззат Мұратқызы, 2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтары жылы» ретінде жариялануы бір демде туған шешім болмағаны анық. Бұл осы салада шешімін күткен мәселелер барын және қара нардай болып жүрген қарапайым жұмысшылардың қоғамдағы орнын, мәртебесін көтеру әлі де өзекті екенін көрсетеді. Атаулы жылдан сіз қандай өзгеріс, нәтиже күтесіз?

– Бірнеше жыл бұрын басталған колледждердің трансформациясы биыл өз жемісін беруі керек деп есептеймін. Өйткені шын мәнінде кәсіптік білімге көңіл бөлінбей, еңбек адамының мәртебесі, абыройы көтерілмей, еліміздің экономикасы алға жылжымайды. Жалпы ел экономикасын дамытатын драйвер – қарапайым жұмысшылар, адал еңбек етіп жүрген жандар.

Жақында колледждердегі бірқатар мәселелерді Сенат қабырғасында көтердім. Оның бірі – колледждердің қаржылық дербестігі.

Қызмет көрсету саласында білім беріп отырған колледждер өздері дайындаған өнімді емін-еркін нарыққа шығара алмайды. Оған кедергі – заңнамадағы қарама-қайшылықтар. «Білім туралы» заң колледждерге өз қызметінен түскен кірістерді пайдалануға мүмкіндік берсе, ал «Кәсіпкерлік кодекс» оған шектеу қояды. Ал елордадағы технологиялық колледж

КОЛЛЕДЖДЕР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙДІ

Білім беру жүйесінде кәсіптік бағдар берудің маңызы күн өткен сайын артып отыр. Себебі экономикалық өсімге қол жеткізу үшін нарыққа кәсіби мамандар қажет. Ал ел экономикасын қуатын көтеретін бірден-бір қозғаушы күш – техникалық және кәсіптік білім беру саласы. Осы тұста елордалық технологиялық колледж директоры, Астана қалалық мәслихат депутаты Ләззат РАЗБЕКОВАМЕН жұмысшы мамандықтары бағытында оқитын жастардың қатарын арттыру және кәсіптік білімнің сапасын көтеру тақырыбында сұхбаттасқан едік.



мүмкіндік алаңыз. Біздің елімізде бұл қозғалыс қаншалықты деңгейде бағаланады?

– «WorldSkills» қозғалысы Қазақстанда бұрыннан бері бар, десе де енді ғана дамып келе жатыр. Әлі де болашағы бар деп сенгіміз келеді. Себебі нағыз кәсіби әрі майталман мамандарды

– Дуальды оқытудың кәсіби маман даярлаудың ең тиімді құралы екендігі белгілі. Мәселен, Германия, Австрия, Швейцария сияқты дамыған елдерде бұл жүйе нәтижелі жұмыс істеп, еңбек нарығын білікті мамандармен қамтамасыз етіп отыр. Ал бізде ірі кәсіпорындар колледждермен жұмыс істеуге ынталы емес. Олар студенттерді қайта дайындап, уақыт пен қаржы жұмсағанша, дайын мамандарды HeadHunter немесе OLX секілді арнайы платформалардан ала салғанды жөн көреді. Әрине, бизнес тұрғысынан оларды да түсінуге болады.

Президент осыдан 3 жыл бұрын отандық бизнес өкілдерімен кездесуінде: «Ірі кәсіпорындар колледждерге қамқорлық жасап, олардың қамқоршылық кеңестеріне кіруге, жастарды практикаға алуға, зертханалар мен шеберханаларды жабдықтауға қатысуын қамтамасыз ету керек» деп айтқан еді. Сондықтан осы мәселемен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына жүгінген едік. Алайда ашығын айтқанда, «Атамекеннің» колледждерге көмегі өз дәрежесінде болмай отыр. Екі арадағы байланыс көбіне қағаз жүзінде қалып жатады. Палата өзіне бір бақылаушы болып, бізден есеп талап етіп отыр. Ал негізгі миссиясы бізге кәсіпорындарды тарту емес пе?! Бірақ мұндай жұмыс мүлдем жоқ.

Сондықтан, бұл мәселеде бірқатар ұсынысты Сенатта айтып өттім. Біріншіден, жергілікті атқарушы органдарда кәсіпкерлерді қолдауға арналған түрлі мемлекеттік бағдарламалар қажет. Мәселен, колледждерге қамқорлық жасаған кәсіпкерлерге жеңілдетілген субсидия, гранттар беруге басымдық берілсе деймін. Екіншіден, колледждер мен кәсіпорындар арасында әріптестікті күшейту үшін «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы нақ осы мәселеге қатысты жүйелі жұмыс істесе деген ұсынысым бар. Егер де аталған мәселелер шешімін тапса, дуальды оқытуға ірі кәсіпорындардың да көзқарасы өзгерер еді.

Технологиялық колледж қызмет көрсету саласында білім беріп отырғандықтан, студенттеріміздің 100 пайызы жұмыспен қамтылып отыр. Десе де, бұл көрсеткіш барлық колледжде бірдей емес.

– Кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін реформалау салаға серпіліс әкеле ме?

– Қоғам колледждегі білімге екінші деңгейлі білім ретінде қарайды. Кәсіптік білім беру жүйесіндегі қордаланған мәселелер баршылық. Сондықтан колледждердің трансформациясы бір реттік науқан емес, білім беру жүйесіне түбегейлі өзгеріс әкелуі тиіс.

Технологиялық колледж имиджі күннен күнге артып келеді. Білім алуға ынтасыз студенттердің орнына шынымен оқығысы келетін жастар көп, біз соларды тартуға мүдделіміз. Оқу сапасын арттыру тұрғысынан талап та күшейтілді. Біз халықаралық салалық аккредиттеуден өтуге тапсырдық. Елорда бойынша мұндай мүмкіндікке тек 3-4 колледж қол жеткізді. Тексеріс бірнеше сатыдан тұрады, қатаң жүргізіліп жатыр. Егер бұл талаптардан мүдірмей өтсек, колледж

де ол өзгеріс санадан басталмаса...

– Еңбек адамына деген құрмет қайтсе артады?

– Кез келген еңбек қадірлі. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттыруға тікелей ықпал етеді. Қоғамда еңбек адамының қадірін арттыру үшін бірінші кезекте олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуымыз керек деп есептеймін. Әсіресе, колледждерде жан басына шаққандағы қаражаттың көтерілуі маңызды. Мәселен, балабақшаларда бұл артып отырса, колледждерде кенжелеп қалды. Сол секілді мектеп мұғалімдерінің жалақысы өссе, колледж мұғалімдері үшін көтерілген жоқ. Осындай дүниелерде колледждердің сырт қалып жатқаны бар.

Биыл жұмысшы мамандарына арналған «Наурыз жұмыскер» ипотекалық бағдарламасы басталды. Алайда бағдарламаның талай тұсы шикі.



– елу жыл бұрын елімізде тұңғыш рет «Наубайшы» мамандығын ашқан бірден-бір оқу орны. «Жас маман» жобасының арқасында ашылған құзыреттілік орталығымыз халықаралық стандарттарға сай жабдықталған. Еліміздегі осы шебер наубайшы мамандар аталған колледжде жұмыс істейді. Студенттеріміз соңғы 5 жылда қалалық, республикалық WorldSkills чемпионаттарында топ жарып, халықаралық сайыстарға шығып жүр. Осындай үздік шеберлердің күнделікті дайындаған өнімдері нарыққа шыға алмай, өнім ысырап болып жатыр. Мұндай мысал жетіп артылады.

Ал егер өз өнімімізді сатып, түскен табысты колледждің дамуына жұмсақ, бюджетке де үлкен жеңілдік болар еді... Өкінішке қарай, біз өнімімізді сатпақ түгілі, жалға беріп пайда таба алмай отырмыз. Орта есеппен, еліміздегі 772 колледж өнімдерін нарыққа шығаратын болса, мөлшермен жылына 20 млрд теңгеден астам қаржы мемлекеттік бюджетке түсер еді.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің айтуынша, колледждердің өз өнімдерін сатуы әділ бәсекелестікке кедергі келтіреді-мыс. Алайда бұл мәселе әлі де тереңінен зерттелмеген. Әр колледждің, әр өңірдің потенциялы, мүмкіндігі, материалдық базасы әртүрлі. Мысалы, Астанада 150-ге жуық наубайхана болса, наубайшы мамандарын дайындайтын колледждің саны небәрі екеу-ақ. Екі колледж қандай бәсекелестік тудырады? Ал біздің колледжге студенттер тек наубайшы мамандығын таңдап келмейді, мәселен, аспаз боламын дейтіндер болашақта кәсібімді дөңгелетіп, мейрамхана ашсам деген арманмен келеді. Сондықтан студенттер кәсіп ашып, өз өнімін өзі сатып, нарықтың тенденцияларын жетік білу секілді дағдыларды колледж қабырғасында үйренбесе, басқа қайдан меңгеріп шығады?!

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі бұл мәселені қайтадан саралап қарастыруы керек деп есептеймін. Колледждерге қаржылық дербестік бергенде, мұның коммерциялық бағытқа түскені дұрыс деп ойлаймын.

– «WorldSkills» чемпионаты – үлкен

дайындауға тигізетін септігі орасан. Әлемдік деңгейде мойындалған чемпионатта тек жүйріктердің жүйрігі ғана анықталады. Кәсіби тұрғыда ғана емес, адами тұрғыда жас мамандарды шыңдауымен құнды. Бірақ елімізде халықаралық чемпионатқа қатысушы студенттердің шетелге баратын іс-сапар шығындарын өтелуі көзделмеген. Өз басым, биыл қалалық деңгейде өтетін «WorldSkills» қозғалысын қаржыландыру мәселесін мәслихатта көтердім, депутаттар тобы мені қолдады.

Бытыр чемпионаттың халықаралық деңгейі Францияның Лион қаласында өткен еді. Сол кезде ел Президентінен бастап, бүкіл қоғамның оған баса мән беріп, көңіл бөліп, қызу дайындалуы біз үшін таңсық болды. Елімізде де чемпионаттың танылып келе жатқаны қуантады. Орта Азия елдері ішінде Қазақстан – бірінші орында. Өткен жылы Астана қаласы да республикалық деңгейде топ жарып, үздік атанды.

– Дуальды оқыту жүйесі арқылы жас мамандарды жұмыспен қамту жолға қойылған ба?



дипломы халықаралық стандартқа сай саналады. Осылайша, студенттеріміз тек Қазақстанда емес, шетелде де еш қиындықсыз жұмысқа орналаса алады. Осы бағытта жұмыстарымызды тәуекел деп, бастап кеттік. Себебі кез келген өзгеріс қоғамда, ортада, мемлекетте өздігінен болмайды, егер

Мәселен, «Астана тазалық» ЖШС қызметкерлерімен кездестім. Бұл жерде 2 мыңнан аса жұмысшы маман бар. Таңғы сағат 4-5-тен қаланы тазалап, аула сыпырып, жұмысқа кіріседі. Нағыз еңбек адамдары. Бірақ дәл осы коммуналдық қызметкерлер «Отбасы банк» жариялаған тізімге ілікпеген. Сонда бұл кісілер жұмысшы маманға жатпаса, кімдер жатады? Дәл осы ипотекалық бағдарламаға үмітті болған 2000 маманның арманы осылай көкке ұшып отыр. 3 ай зу ете шықты. «Жұмысшы мамандықтары жылының» әрбір күні осы салада жүрген мамандар үшін маңызды. Әлбетте, мемлекет үшін маңызды. Бірақ осындай шикіліктер жанға батады.

Бар-жоғы 2 мыңнан аса адам жеңілдетілген несиеге ілігеді екен. Оның ішінде мүмкіндік тек депозитке жинаған шоты бар, қаражаты көп мамандарға ғана беріледі деседі. Сонда талай жыл маңдай терімен еңбек еткен қарапайым жұмысшылар қайда қалады? Ендеше несие «Жұмысшылар ипотекасы» деп жарияға жар салып жатырмыз?

Бұл жыл жай ғана өте шығатын науқан болмауы тиіс. Президент пәрменінің сапалы орындалуы үшін әрбір мемлекеттік орган, әсіресе «Отбасы банкі» халықты ақпараттандырып, жүйелі жұмыстар атқаруы керек.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Индира БЕРЖАНОВА

Қоқан хандығының негізін қалаушы Минг әулетінен шыққан Шахрух (1709-1713) болатын. Хандықтың жаулаушылық соғыстары Ердана (1751-1770) бидің кезінен басталды. Қоқан хандығы 1762 жылдан 1821 жылға дейін Қырғызстанның оңтүстігін, 1810-1831 жылдары солтүстігін жаулады. Хандықтың қазақ жерлерін жаулауы Әлім хан (1800-1810) тұсында басталып, кейін таққа келген Омар хан (1811-1822), Мәдәлі хан (1822-1842) билігі кезінде жалғасты. Қоқан хандығының тарихын зерттеген Т.Бейсембиев хандықтың 1811-1842 жылдар аралығында аймақтағы үлкен мемлекетке айналғанын, солтүстік шекарасы Оңтүстік Қазақстаннан басталып, оңтүстігі Памир-Алайға дейін, шығыс шекарасы Шыңжаңнан басталып, батысы Ұратөбе, Зерафшанның жоғары ағысынан Шахрисябзке дейінгі аймақты алып жатқанын көрсетеді. Мәдәлі хан билігінің соңғы жылдарында, яғни 1840 жылдары хандықтың құлдырау кезеңі басталды. 1840-1842 жылғы Қоқан мен Бұхара арасындағы соғыстан кейін Орталық Азиядағы үстемдік бірте-бірте Бұхара әмірлігінің құзырына өте бастаған еді.

ОҢТҮСТІК АЙМАҚТАРДЫ ЖАУЛАУ ТАРИХЫ

Қазақстанның оңтүстік аймағын жаулауы Ташкенттің саяси жағдайымен тікелей байланысты болды. XVIII ғасырдың аяғында Ташкент хандығы құрылып, билікке Жүніс қожаның келуімен билік қожалардың ықпалына өткен болатын. Бұл хандықтың шекарасы шығыста Қоқан хандығы, оңтүстік-батыста Ходжент, солтүстік-шығыста қырғыздармен, солтүстік батыста қазақтармен шекараласты. Ташкент маңында тұратын шанышқылы, қоңырат, сіргелі, рамдан рулары хандыққа бағынды. 1796-1797 жылғы орыс деректеріне сүйенсек, Жүніс қожа Ташкент хандығына Шымкент, Сайрам, Алтынтөбе, Қарабұлақ, Сауран, Темір қорған, Жаңақорған, Ниязбек бекіністерін қаратқан. Қазақтардың Ташкент хандығына тәуелділігін сақтау мақсатында әрбір рудың беделді адамдарынан аманат ұсталды, рулар өз міндетін орындамаса, аманаттағыларды кейде қатаң өлім жазасына кесіп отырған. Жүніс қожа Ташкенттегі билікке келген кезде, Қоқандағы билікке Әлім (1809-1810) хан келген болатын. Екі ел билеушілерінің басты мақсаты өз хандықтарының аумағын кеңейтуге бағытталды. Осындай мақсатпен Жүніс хан Қоқан хандығына және Әлім хан Ташкентке шабуыл жасайды, бірақ шабуылдары сәтсіз аяқталды. 1810 жылы Жүніс қожаның қайтыс болуы Қоқан хандығына Ташкент хандығымен соғысуға мүмкіндік берді. Қоқан ханы Әлімқұл інісі Омарды (1810-1822) Ташкентке аттандырды. Жүніс қожаның баласы Сұлтан қожа қоқандықтарға қарсылық көрсете алмады. Қоқандықтардың бірнеше шабуылынан кейін биліктен қожалар аластатылды. Ташкенттің Қоқан хандығы ықпалына өтуі олардың жаулаушылық соғыстарына жол ашты. Іле-шала қоқандықтар Шымкент бекінісін алды. Әлім ханнан кейін билікке келген Омар хан ағасының жаулаушылық саясатын жалғастырып, хандыққа бағынышты аймақтың географиялық аумағын кеңейтті. Омар ханның оңтүстік аймаққа енуін Х.Бабабеков 1812 жыл, П.Иванов 1814 жыл, Мейендорф 1815 жыл деп жазады. Өзбек тарихшысы Х.Бабабековтің уақыты шындыққа жанасады деп ойлаймыз. Қоқан хандығы қазақ жерлерін өз ықпалында ұстау мақсатында кейбір бұрынғы бекіністерді қайта қалпына келтіріп, жаңа бекіністер салды. 1812 жылы Түркістанды алғаннан кейін, 1813 жылы Шолаққорған, Созақ бекіністерін қайта қалпына келтірді. Сырдарияның орта ағысында Ақмешіт, Жаңақорған, Мамасейіт, Қосқорған, Шымқорған, Күмісқорған, Дінқорған, Салықорған, Жолақты бекіністерін салды. Ақмешіт бекінісі Қоқан хандығы үшін өте маңызды болды. Осы бекініс арқылы Орынборға аттанған бұхарлық көпестерден және Сыр бойына қыстауға келген қазақтардан салық жинап отырды. Сонымен бірге қоқан



Война с Коканом. — Удаление коканского хана с окрестностей из столицы, под прикрытием русского полководца, из предков России. (рис. Н. Н. Баранов, грав. К. Вейсман).

ҚАЛТАРЫСТА ҚАЛҒАН ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ

дықтар Сырдарияның төменгі ағысындағы Кіші жүз руларына жиі шабуыл жасайтын. Әлімұлы рулары бір жағынан Қоқан, екінші жағынан Хиуа хандығының басқыншылық әрекеттеріне жиі ұшырайтын. Талас бойындағы қазақ, қырғыздардың Қоқан билігіне бағынған кезеңін Ш.Уәлиханов 1815 жыл деп көрсетеді. 1821 жылы қоқандықтыр бұрынғы бекініс орнына Әулиеатаны салды. Шудың сол жағалауындағы керуен жолында Ит кешу, Мерке, Пішпек бекіністерін тұрғызды.

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҚОҚАН ХАНДЫҒЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Абылайдың Қоқан ханы Ердене бимен бірнеше рет соғысы болған. 1767-1768 жылғы соғыстың қай жерде болғаны туралы әртүрлі мәлімет айтылады. А.Ш.Махаева Ферғана түбінде, Д.Б.Сапаралиев Ташкент маңында болды деп көрсетеді. Қазақтардың Қоқан хандығы, Бұхар әмірлігімен қарым-қатынасындағы шиеленісті сұрақтардың бірі – Ташкент қаласына қатысты сұрақ. Қаланың тарихын зерттеуші Ф.Азадеев XVIII ғасырда Ташкент еркін қала болды деп жазады. Өйткені қала саяси оқиғаларға байланысты Қоқан хандығы, Бұхар әмірлігі, кейбір жылдары Қазақ хандығының ықпалына қарады. 1720-1740 жылдары Ұлы жүз ханы Жолбарыс Ташкентте тұрды. 1738 жылы Ташкентке аттанған К.Миллер Жолбарыс ханмен кездесіп, оған Татищевтің хаты мен сыйлығын берген. А.И.Добросмыслов 1740 жылы Жолбарыс ханның өлтірілуіне байланысты қазақтар Ташкентке шабуыл жасады деген дерек береді. 1785 жылы Бұхар әмірі Шах Мұрад Ташкентті басып алып, қалаға өз билеушілерін қойды деп көрсетіледі. Ж.Түлебаева «Тухфат-әл-хани» дерегіне сүйеніп, Абылай ханның Түркістан, Сайрам, Шымкент, Созақ қалаларын қазақтарға кері қайтарып және Ташкент-

тің қазақ хандығына салық төлегені туралы жазады. Абылай қайтыс болғаннан кейін қазақтар Ташкентке ықпал етуден айырылып қалды, қала билігі Жүніс қожаға өтті. Деректерде Жүніс қожаға қатысты әртүрлі мәлімет бар. Кейбір деректерге сүйенсек, Төле би қартайған кезінде Жүніс қожаны салық жинауға қойған. А.И.Добросмыслов, В.П.Наливкин Жүніс қожаның Ташкентке билікке келуіне көмектескен Хан Қожа деп көрсетеді. Деректерде Хан Қожа Қоқан ханы Нарботаның туысы деп жазылады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Қоқан ханы мен Бұхар әмірі арасында Орталық Азия аймағына үстемдік етуге бағытталған текетірес басталды, олар Ұратөбе аймағы үшін жиі шайқасты. 1806 жылғы Ұратөбе шайқасында Бұхар әмірі Хайдарды Ташкент хандығы мен Түркістандағы қазақ сұлтандары қолдаған, бұл шайқаста Қоқан ханы Әлім жеңілген. Ұлы жүз хандары Бұхар әмірімен әскери одақ құрды деп жазады Ж.Түлебаева. Жалпы Ұратөбе шайқасы қазақ сұлтандарының Ташкент хандығын, Бұхар әмірлігін қолдай отырып Қоқанмен соғысқанын көрсетеді.

ҚАЗАҚТАРДЫ ӨЗ ЫҚПАЛЫНДА ҰСТАУ ҮШІН ҚАНДАЙ САЯСАТ ҰСТАНДЫ?

Біріншіден, қоқандықтар қазақ, қырғыздарды өз ықпалында ұстау үшін оларға датқа, пансад, тоқсоба, мирахур шендерін беріп басқарып отырды. Мысалы, пансад дәрежесінде Сыздық Кенесарыұлы, Ахмед Кенесарыұлы, Телқожа батыр болса, датқа шенінде Қанай (қоңырат), Торғай (қыпшақ), ал қырғыздардан Әлімбек, Сайдбек, Поладбек болды. Екіншіден, оларға жекеменшікке жер беріп, оны заңдастырып отырды.

Қоқан хандығы қазақ, қырғыз жеріне үстемдігін жүргізгеннен бастап әртүрлі салықпен халықты аяусыз қана-

ды. Мысалы, қазақтар зекет, хенрадж, танап, базар, таразы, өткел, ұлау пұлы, тұз салығы және т. б. салықтар төледі. Сонымен бірге бекіністердегі әскердің азық-түлігін де беруі тиіс болды. 1834 жылы Қоқан ханы Мәлібек Ташкент құсбегіне шектеусіз билік берді. Өздеріне осындай биліктің берілуін құсбегілер тиімді пайдаланды. Қоқан хандығына бағытталған қазақ, қырғыздардың алғашқы көтерілісі 1821 жылы Омар хан тұсында болды. Көтеріліс тарихта Тентек төре көтерілісі деген атпен қалды. Түркістан қаласының түбіне 12 мың қазақ жиналды, кейін көтерілісшілер Сайрамды негізгі тірек жасады. Созақтағы көтерілістің басшысы сұлтан Тоқай төре болған. Қоқан хандығы әскерінің келе жатқаны жөнінде хабар алған қазақтар екіге бөлінді: Сайрам түбіне Тентек төре, екінші тобы Шымкентке жиналды. «Қоқандық әскерден жеңілген Тентек төре ханның билігін мойындап, кепілдікке өз баласын берді» деп жазады В.Наливкин. Бұл көтеріліске қоңырат, найман, дулат, бестамғалы рулары қатысты. Омар ханның уәзірі Абул-Қасым басқарған 12 мың қоқандық әскер Сайрам бағытына аттанды. Қоршаудың ұзаққа созылуына байланысты көтерілісшілер бітімге келуге мәжбүр болды. Өкінішке қарай, В.Наливкиннің еңбегінен басқа деректерде көтеріліс тарихы баяндалмайды.

Қоқан хандығын зерттеуші Пłosких XIX ғасырдың 30-жылдарының аяғында Пішпек маңындағы қырғыздар мен Ұлы жүз қазақтарының көтеріліске шыққанын жазады. Көтеріліске түрткі болған – салықтың өсуі. Көтерілісшілер 300 сарбазбен салық жинауға келген әскерге шабуыл жасады. Бұл көтерілісті басу үшін Ташкент құсбегі арнайы жазалаушы әскер аттанды. Шайқаста қоқандық әскер жеңіліс тауып, кері шегінуге мәжбүр болады. Жеріс көтерілісшілерді рухтандырды, бірақ екінші рет жазалау әскерімен болған шайқаста

олардың ұйымдасуының нашарлығынан және қару-жарақтың болмауынан жеңіліс тапқан еді.

1840-1842 жылы Қоқан хандығы мен Бұхар әмірлігі арасында соғыс басталды. Екі мемлекет арасындағы соғысты қазақ, қырғыздар қалт жібермеді. 1842 жылы Ыстықкөлдегі қырғыздар көтеріліске шықты. 1841 жылы Кенесары бұхарлықтармен біріге отырып Қоқанға қарсы көтерілді. 1841 жылы Кенесары шөмей, төртқара, табын руынан құралған 4 мың жасақпен Ташкентке аттанды деп жазады Е.Бекмаханов. Бірақ әскердің арасында жұқпалы аурудың таралуы оларды бөгеді, ал әскердің бір бөлігі Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт, Созақ бекіністерін қоршады деген мәліметтер беріледі. Сонымен бірге архив деректерінде Кенесарының Ташкентке шабуыл жасамағаны, бірақ бекініс маңындағы қазақтарға көмектескені жөнінде деректер бар. Жалпы Кенесарының Ташкентке шабуыл жасамауының басты себебі індеттің таралуымен байланысты болар деген қорытындыға келеміз.

1840-1842 жылғы соғыстың нәтижесінде Қоқандағы билікке Хаджы бидің ұрпағы Шералы хан (1842-1845), 1845 жылы Худояр хан келді. 1845 жылы

билікке келген Худояр ханның өте жас болуына байланысты хандықтағы билік Мұсылманқұлдың қолында болды. Қоқан хандығындағы осындай саяси өзгерістерге байланысты 1845 жылы Кенесары Жөлек, Жаңақорған, Бабай-қорған, Тұрсынбай қорған бекіністеріне шабуыл жасайды. Ақмешіт бекінісін 4 күн қоршады деген деректер бар. 1846 жылы бұрын ташкенттіктердің ықпалында болған қоңырат, тама рулары Кенесарының билігін мойындады.

Қоқан хандығына бағытталған келесі көтеріліс 1847 жылы болды. Ташкенттегі бұл көтеріліске қала тұрғындарымен бірге оның маңында тұратын қазақтар да қатысты деген деректер бар.

Қоқан хандығына бағытталған қазақ, қырғыздардың ең ірі көтерілісі 1858 жылы болды. Ташкент құсбегі болған Мырза Ахметтің тұсында Қоқан хандығына қараған Түркістан, Жаңақорған, Созақ, Шолаққорған, Әулиеата, Меркі бекіністеріне бағынған қазақ ауылдарының жағдайы ауырлай түсті. Мырза Ахмет Қоқан хандығына зекет төлегенімен, соғыс жариялау ісінен бөлек істердің барлығын өзі авторитарлы, автократиялық түрде шешіп отырды. Мырза Ахметтің тұсында салықтың көлемі де, түрі де өсе түсті.

Көтеріліс тарихы Мәдәліқожа Жүсіпқожаұлы, Майлықожа Сұлтанқожаның шығармаларында да баяндалады. Мұрағат дерегінде Мырзабиді өлтірген Қанай датқа деп көрсетілсе, Майлықожаның «Датқалар» атты толғауында өлтіруге қатысқандар ішінде Мұсабек, Төнен, Байбақ атты батырлардың аттары да көрсетілген.

1858 жылы наурызда Ташкент құсбегі Мырза Ахмед 3 мың әскерімен Әулиеатаға келді. Ол қазақтардан төрт түлік малдан жеке-жеке салық төлеуді талап етті. Қазақтар салық төлеуден бас тартты. Көтерілістің басшысы старшын Құдайберген болды. Көтерілісшілер Әулиеата бекінісін

қоршады, бекіністе қоршауда қалған Мырза Ахмед Қоқан ханынан көмек сұрауға мәжбүр болады. Қоқандық әскер саны көп көтерілісшілермен шайқасудан қорқып, қоршаудан Мырза Ахмедті алып шықты деп жазады Пłosких.

Өзбек тарихшысы Р.Н.Нәбиевтің еңбегінде Мырза Ахмедтің Сыпатай биге аттандырған пансаттарының жеңіліс тапқаны және көтерілісшілердің Әулиеатаны басып алғаны жөнінде мәлімет келтіріледі. Әулиеатадағы көтерілісшілерге Тоқмақ, Шелек бекіністері қосылды. Деректерде дулаттардың Мерке бекінісін алғаны жөнінде мәліметтер бар.

1858 жылы мамырда Худояр ханға бағытталған көтерілісті Ташкент, Маргелан қалалары да қолдап көтеріліске шықты. Ташкенттегі көтеріліске шанышқылы, дулат рулары мен өзбектер қатысты. Олар зекет төлеуден мүлдем бас тартып, салық жинауға келген адамды өлтірген. Кейбір деректерде 14 мың шанышқылы руының Ташкентті қоршағаны туралы мәлімет беріледі.

Көтерілістің келесі ірі ошағы Түркістан болды. Олар Ташкент құсбегісі Мырза Ахмедтің биліктен кетуін талап етті. Көтерілістің күшеюінен қорыққан Түркістан бегі Мырза Нияз Қоныс датқа, Ақсақ датқа, Тобақабылды кепілдікте ұстады. Мырза Нияз Ахмет Яссауи кесенесін басқарған қожа Шейх-ислам мен Накиб ишанның көмегі арқылы да көтерілісті тоқтатуға әрекет жасады. 15 мамырда көтерілісшілер Түркістанды қоршайды. Қоңырат, найман, қыпшақ, арғын рулары өз арасынан Әликен Қарабасовты хан сайлайды. Көтерілісшілердің алғашқы әрекеті сәтсіз аяқталды. 25 мамырда Ташкенттен келген рамадан, шеркес рулары көтерілісшілерге қосылған еді. Бұл оқиға көтерілістің қайта басталуына түрткі болды. Жөлек бекінісінен 100 шақырым жердегі Қаратауда қоңырат, найман, арғын рулары кеңес өткізіп, Түркістан, Жаңақорған бекінісіне екі жақтан шабуыл жасау туралы шешім қабылдайды. Ұлы жүздегі бестамғалы рулары Созақ пен Шелекті алды. 1858 жылы 3 маусымда қазақтар Түркістанды екінші рет қоршады. Көтерілістің басылмауынан қорыққан Түркістан бегі Мырза Нияз қоңырат, қыпшақ руларына шариғат заңына сәйкес қысым көрсетілмейтінін және рақымшылық жасайтынын хабарлады. Көтерілісшілер Түркістанды билеуге сұлтан Әликен Қарабасовтың толықтай құқығы барын жариялады.

Қазақтар Түркістанды басқаруға сұлтан Әликенді қою арқылы аймақтағы Қоқан билігін жойып, бұрынғы хандық билікті қайта қалпына келтіру мақсатын ұстанған еді. Қоқан хандығының билігіне бағытталған көтеріліс шілде, тамыз айында да жалғасты. Жалпы 1858 жылғы Қоқан хандығына бағытталған қазақ, қырғыз, өзбектердің көтерілісі Худояр хан билігіне қарсы бағытталды. Бұл көтеріліс жеңіліс тапқанымен, Худояр хан Қоқан хандығы билігінен кетуге мәжбүр болды. Көтеріліс хандықтағы билікке Мәлібектің келуіне алғышарт жасады. Мәлібек хан билікке келген алғашқы кезеңде Ташкент бегі енгізген көп салық түрі жойылды, кейбірі жеңілдеді. Қазақ, қырғыздар 3 жылға салық төлеуден босатылды және бек хандына екі қазақтан кеңесші қоатыны жөнінде уәде берді, өкінішке қарай, 1861 жылдан кейін мұның барлығы да жойылды.

Сабира САБЫТХАНҚЫЗЫ,
тарих ғылымдарының докторы

10 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№34-35 (4779) 27/03/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

31 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Әлемді өзгерткен кеме апаттары». 7:00 «ТАՆШОЛРАН».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Қызым». Телехикая.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТИ». Реалити шоу.
13:20 «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР». Мультфильм.
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Ең дәмді»
15:50 «Қара шаңырақ». Телехикая.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «Сезім толқыны». Телехикая.
18:00 «ҚЫЗЫМ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ЫСТЫҚ ҰЯ». Телехикая.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». Телехикая.
23:15 «1001 ТҮН».
0:50 «Ашық алаң».
1:40 «Сана».
2:40 «Тату-тәтті». Реалити шоу.
4:05 «Ең дәмді»
4:45 «Ауылдастар»



5:00 «Дүлдүлдер дүбірі»
6:00 Телехикая. «Пәленшеевтер 3»
7:00 «Ояң!»
9:00 Мультсериал. «Приключения Моли»
9:30 Телесериал. «Зимородок»
11:30 «Тамаша»
12:00 «President»
12:15 «Әлеумет»
12:30 Телехикая.
14:00 Телехикая. «Бахар»
16:00 Телесериал. «Триггер»
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая. «Келінжан 5»
20:00 Телехикая. «Бахар»
22:00 Телесериал. «Перекресток»
23:00 Телесериал. «Триггер»

ASTANA TV

06:00 «3у-зу Күлпәш» телехикаясы
07:00 «Ұлыбка пересмешника» телесериал
09:00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10:40 «Яркое пламя» телесериал
12:00 «Осман 3» телехикаясы
15:00 «Тігіңші қыз» телесериал
16:10 «Өмір» телехикаясы
16:50 «Ұлыбка пересмешника» телесериал
19:00 «Яркое пламя» телесериал
20:00 «Astanatimes»
21:00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22:20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23:20 «Осман 3» телехикаясы
00:50 «Склифосовский 10» телесериал



6:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
7:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН»
10:00 «Я ЛЮБЛЮ СВОЕГО МУЖА».
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «РЕАЛИЗАЦИЯ»
0:30 «УМНОЖАЮЩИЙ ПЕЧАЛЬ»
1:25 «НОВОСТИ»
1:40 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
1:55 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы



7:05 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!» (қайталау)
8:05 «ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»
10:20 «КАТИНА ЛЮБОВЬ», мелодрама
14:10 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА»
16:10 «ТАЙНЫ», мелодрама.
18:20 «ДЖЕЛАЛАДИН. ПОСЛЕДНИЙ ПРАВИТЕЛЬ», турецкий сериал.
19:40 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
20:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «УЙТИ ЧТОБЫ ВЕРНУТЬСЯ»
1:30 «МАРУСЯ», мелодрама
2:20 «ВСКРЫТИЕ ПОКАЖЕТ»
3:10 «ТАЙНЫ», мелодрама (повтор)
4:00 «ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»
5:30 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)



5:00 «ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ»
6:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 3»
7:00 «ОЯҢ!»
9:00 МУЛЬТСЕРИАЛ. «ПРИКЛЮЧЕНИЯ МОЛИ»
9:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ЗИМОРОДОК»
11:30 «ТАМАША»
12:00 «КӨЗКАРАС»
12:30 ТЕЛЕХИКАЯ.
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
16:00 Телесериал. «ТРИГГЕР»
18:00 НОВОСТИ
18:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН 5»
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
22:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ПЕРЕКРЕСТОК»
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ТРИГГЕР»

ASTANA TV

06:00 «Тігіңші қыз» телесериал
07:00 «Ұлыбка пересмешника» телесериал
09:00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10:40 «Яркое пламя» телесериал
12:00 «Осман 3» телехикаясы
15:00 «Тігіңші қыз» телесериал
16:10 «Өмір» телехикаясы
16:50 «Ұлыбка пересмешника» телесериал
19:00 «Яркое пламя» телесериал
20:00 «Astanatimes»
21:00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22:20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23:20 «Осман 3» телехикаясы
00:50 «Склифосовский 10» телесериал



6:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
7:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН»
10:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 Многосерийный фильм «СПЕЦНАЗ 2»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «РЕАЛИЗАЦИЯ»
0:30 «УМНОЖАЮЩИЙ ПЕЧАЛЬ»
1:55 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛУ)
7:20 «ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»
9:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)
10:20 «КАТИНА ЛЮБОВЬ», мелодрама
14:20 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА», реалити-шоу.
16:20 «ТАЙНЫ», мелодрама
18:20 «ДЖЕЛАЛАДИН», турецкий сериал.
19:40 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
20:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «УЙТИ ЧТОБЫ ВЕРНУТЬСЯ»
02:50 Телехикая «Mesгілсіз сезім»
03:40 «INSTA TV» (каз.)
04.00-05.00 «Екі езу» (каз.)



06:00 «Әзіл студия» ойын-сауық бағдарламасы
06:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
06:50 Информбюро (рус/каз)
08:00 Мультсериал «Буба»
09:10 «Великий Человек-паук»
09:40 «Айдаһарлар шайқасы»
11:00 «Тамаша Live» ойын-сауық бағдарламасы
11:10 Т/сериал «Ольга» 33-34 серии
12:10 «Астерикс на Олимпийских играх»
14:50 «Неудержимые 2»
17:00 «Неудержимые 2»
19:00 Т/сериал «Ольга» 35-36 серии
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Отмель»
22:40 «Айдаһарлар шайқасы» телехикаясы. 18 бөлім
00:10 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:00 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02:40 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
03:00 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «1001 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATLLE»
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы



6:00 Әнұран
6:02 «Бастық боламын» телехикая.
7:00 «АНАНДИ» телехикая
8:00 «СЕЗІМ ҮШІН» телехикая
9:00 Жаңалықтар
10:00 «Великопелный век. Көсем»
11:00 «Бесценное время» телесериал
13:00 «Свадьба в Малиновке» к/ф, 1967 г.
15:00 «МОСКОВСКИЙ РОМАН» телесериал
17:00 «РЭЗИЯ СҰЛТАН» телехикая
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛІ ЭФИР
18:20 «РЭЗИЯ СҰЛТАН» телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОПЕЛНЫЙ ВЕК. КӨСЕМ» телесериал (Турция, 2015 г.)
21:00 «БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ» телесериал (Турция, 2010 г.)
22:40 «СҰЛТАН РАЗИЯ» телесериал (Индия, 2015 г.)

0:20 «МАСКА KAZAKHSTAN» мега-шоуы
1:50 Жаңалықтар
2:10 Новости
2:40 «Келесі кім?» бағдарлама
4:10 «Жеңіп көр» бағдарлама
5:00 «Құырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
08.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ» (мультсериал)
10.10 Шоу «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
17.10 Телехикая «Жайна» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ВЫСТРЕЛ В ПУСТОТУ»
22.40 «ПРОЩАЙ!» (криминальная драма, Марио Касас, Карлос Бардем)
01.00 «Қызық Live» (каз.)
01.40 «У-NIGHT SHOW» (каз.)
03.00 Телехикая «Mesгіlсіз сезім»
03.50 «INSTA TV» (каз.)
04.10-05.00 Әзіл-күлі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СӘРСЕНБІ

2 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «ТАՆШОЛРАН».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТИ». РЕАЛИТИ ШОУ.
13:20 «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР». МУЛЬТФИЛЬМ.
14:10 «ҚОС ПАЛАТА»
14:30 «ЕҢБЕК АДАМЫ». АРНАЙЫ ЖОБА
15:00 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
16:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
23:55 ФУТБОЛ. ИТАЛИЯ КУБОГЫ.
2:05 АҚПАРАТ
2:40 «АШЫҚ АЛАҢ». ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОҚ-ШОУ.
3:30 «ТАТУ-ТӘТТИ». РЕАЛИТИ ШОУ.
4:55 «АУЫЛДАСТАР»



5:00 «ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ»
6:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 3»
7:00 «ОЯҢ!»
9:00 МУЛЬТСЕРИАЛ. «ПРИКЛЮЧЕНИЯ МОЛИ»
9:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ЗИМОРОДОК»
11:30 «ТАМАША»
12:00 «ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ»
12:30 ТЕЛЕХИКАЯ.
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ТРИГГЕР»
18:00 НОВОСТИ
18:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН 5»
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
22:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ПЕРЕКРЕСТОК»
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ТРИГГЕР»

ASTANA TV

06.00 «ТІГІНШІ ҚЫЗ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
07.00 «ҰЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА»
09.00 «ҚОЛЫМНАН ҰСТА»
10.40 «ЯРКОЕ ПЛАМЯ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
12.00 «ОСМАН 3» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
15.00 «ТІГІНШІ ҚЫЗ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
16.10 «ӨМІР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
16.50 «ҰЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА»
19.00 «ЯРКОЕ ПЛАМЯ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
20.00 «ASTANATIMES»
21.00 «ҚОЛЫМНАН ҰСТА»
22.20 «АДАСҚАН СЕЗІМ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
23.20 «ОСМАН 3» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
00.50 «СКЛИФОСОВСКИЙ 10»



6:00 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН»
10:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «СПЕЦНАЗ 2»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «РЕАЛИЗАЦИЯ»
0:30 «УМНОЖАЮЩИЙ ПЕЧАЛЬ»
1:55 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
3:05 «ТОЙ БАЗАР» БАҒДАРЛАМАСЫ



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛУ)
7:20 «ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»
9:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)
10:20 «КАТИНА ЛЮБОВЬ», МЕЛОДРАМА
14:20 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА»
16:20 «ТАЙНЫ», МЕЛОДРАМА.
18:20 «ДЖЕЛАЛАДИН»
19:40 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ТОК-ШОУ.
20:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «УЙТИ ЧТОБЫ ВЕРНУТЬСЯ»
1:35 «МАРУСЯ», МЕЛОДРАМА
2:25 «ВСКРЫТИЕ ПОКАЖЕТ»
3:10 «ТАЙНЫ», МЕЛОДРАМА (ПОВТОР)
3:50 «ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»
5:30 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (ҚАЙТАЛУ)



6:00 «Әзіл студия» ойын-сауық бағдарламасы
06:30 «31 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
06:50 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «БУБА»
09:00 «ВЕЛИКИЙ ЧЕЛОВЕК-ПАУК»
09:30 «АЙДАҒАРЛАР ШАЙҚАСЫ»
10:50 Т/СЕРИАЛ «ОЛЬГА» 35-36 СЕРИИ
11:50 «ОГРABЛЕНИЕ ПО-ИТАЛЬНСКИ»
14:20 «НЕУДЕРЖИМЫЕ 2»
16:20 КИНО. СИЛЬВЕСТР СТАЛЛОНе В БОЕВИКЕ «НЕУДЕРЖИМЫЕ 3»
19:00 Т/СЕРИАЛ «ОЛЬГА» 37-38 СЕРИИ
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «СОЛТ»
23:00 «АЙДАҒАРЛАР ШАЙҚАСЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ. 19 БӨЛІМ
00:30 «31 Әзіл» Ойын-сауық бағдарламасы
02:00 РЕАЛИТИ-ШОУ «КЕЛІНДЕР БӘЙГЕСІ»
02:40 «TIME VINE» Ойын-сауық бағдарламасы
03:00 «TIKTOK SHOW» Ойын-сауық бағдарламасы
04:00 «ӘЗІЛ СТУДИО» Ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «1001 ӘЗІЛ» Ойын-сауық бағдарламасы
04:30 ТЕЛЕВИКТОРИНА «BALA BATLLE»
05:20 «РИЗАМЫН» Ойын-сауық бағдарламасы



6:00 Әнұран
6:02 «Бастық боламын» телехикая.
7:00 «АНАНДИ» телехикая
8:00 «СЕЗІМ ҮШІН» телехикая
9:00 Жаңалықтар
10:00 «Великопелный век. Көсем»
11:00 «Бесценное время» телесериал
13:00 «ВЕЛИКОПЕЛНЫЙ ВЕК».
15:00 «МОСКОВСКИЙ РОМАН» телесериал
17:00 «РЭЗИЯ СҰЛТАН» телехикая

18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛІ ЭФИР
18:20 «РЭЗИЯ СҰЛТАН» телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОПЕЛНЫЙ ВЕК. КӨСЕМ»
21:00 «БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ» телесериал
22:40 «СҰЛТАН РАЗИЯ» телесериал
0:20 «МАСКА KAZAKHSTAN» мега-шоуы
1:50 Жаңалықтар
2:40 Q-eli
3:30 «Келесі кім?» бағдарлама
4:20 «Құырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
08.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.10 Шоу «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
17.10 Телехикая «Жайна» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ДОРОГА В ОДИН КОНЕЦ»
22.20 «БОЕЦ: КОРОЛЬ РИНГА» (драма)
00.40 «Қызық Live» (каз.)
01.20 «У-NIGHT SHOW» (каз.)
02.40 Телехикая «Mesгіlсіз сезім»
03.30 «INSTA TV» (каз.)
04.00-05.00 «Екі езу» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

3 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «ТАՆШОЛРАН».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТИ». РЕАЛИТИ ШОУ.
13:20 «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР». МУЛЬТФИЛЬМ.
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «РИЗА». ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ.
14:40 «АТАМЕКЕН»
15:00 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
16:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
0:15 АҚПАРАТ
0:50 «АШЫҚ АЛАҢ».
1:40 «САНА»
2:40 «ТАТУ-ТӘТТИ». РЕАЛИТИ ШОУ.
4:05 «АТАМЕКЕН».
4:35 «АУЫЛДАСТАР».



5:00 «Дүлдүлдер дүбірі»
6:00 Телехикая. «Пәленшеевтер 3»
7:00 «Ояң!»
9:00 Мультсериал. «Приключения Моли»
9:30 Телесериал. «Зимородок»
11:30 «Тамаша»
12:00 «Көзқарас»
12:30 Телехикая.
14:00 Телехикая. «Бахар»
16:00 Телесериал. «Триггер»
18:00 Новости
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая.
20:00 Телехикая. «Бахар»
22:00 Телесериал. «Перекресток»
23:00 Телесериал. «Триггер»

ASTANA TV

06.00 «Тігіңші қыз» телесериал
07.00 «Ұлыбка пересмешника»
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.40 «Яркое пламя» телесериал
12.00 «Осман 3» телехикаясы
15.00 «Тігіңші қыз» телесериал
16.10 «Өмір» телехикаясы
16.50 «Ұлыбка пересмешника»
19.00 «Яркое пламя» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.20 «Осман 3» телехикаясы
00:50 «Лакшми» телесериал

БОРЫШКЕРЛЕРДІ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ

Қазақстан Республикасында атқарушылық құжаттардың талаптарын орындамау – бұл әкімшілік жауапкершілікке әкелетін маңызды құқық бұзушылық. Атқарушылық құжат – соттың немесе басқа да уәкілетті органдардың шешіміне негізделген, заң күші бар міндетті құжат. Осы мақалада борышкерлерге әкімшілік ықпал ету негіздері, тәртібі және шаралары қарастырылады.

Атқарушылық іс жүргізу және оның талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілікке тарту мәселелері Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексында, атап айтқанда, 669-бабында, сондай-ақ «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңында бекітілген.

Борышкерді әкімшілік жауапкершілікке тарту мынадай жағдайларда мүмкін:

1. Атқарушылық құжат талаптарын орындамау: борышты төлемеу, мүлікті беру туралы

шешімді орындамау немесе құжатта көрсетілген басқа да әрекеттерді жасамау.

2. Ескерту беру: сот орындаушысы борышкерге талаптарды орындау қажеттілігі және оларды орындамаған жағдайда туындайтын салдарлар туралы хабарлауға міндетті.

3. Қасақана жалтару: міндеттерді әдейі орындамау – мүлікті жасыру, табыс туралы ақпарат беруден бас тарту және басқа да әрекеттер немесе әрекетсіздік.

Жауапкершілікке тарту тәртібі:

1. Мемлекеттік сот орын-

даушысы құқық бұзушылық фактісін тіркейді, әкімшілік хаттама толтырып, оны сотқа жібереді.

2. Сот істің мән-жайын қарастырып, тараптарды тыңдайды және борышкерді жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдайды.

3. Құқық бұзушылықтың ауырлығына байланысты мынадай шаралар қолданылады: айыппұл немесе 5 тәулікке дейінгі әкімшілік қамауға алу.

Сонымен қатар ҚР ӘҚБтК 694-бабына сәйкес, әділет органдары жеке нотариустар

жасаған құқық бұзушылықтарға қатысты істерді (230-баптың екінші бөлімі), сондай-ақ 457, 468, 670, 671 және 672-баптарда көзделген құқық бұзушылықтарды қарайды.

Ағымдағы жылдың қаңтар мен наурыз айлары арасында деректер бойынша Астана қаласы Әділет департаментінің «Әкімшілік практика аумақтық бөлімі» филиалының мемлекеттік сот орындаушылары борышкерлерге қатысты 71 әкімшілік хаттама толтырған. Оның ішінде 65 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылған, ал 6 хаттама соттың қарауында.

Әкімшілік шешімдердің нәтижелері бойынша 46 борышкерге 5-тен 40 АЕК-ке дейінгі айыппұл салынған, 19 борышкерге 2-ден 5 тәулікке дейінгі әкімшілік қамауға алу шарасы қолданылған.

Борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартудың тиімділігін арттыру үшін: 2021 жылғы 20 сәуірдегі регламент: Астана қаласының Әділет департаменті мен Астана қаласы Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы арасында борышкерді жауапкершілікке тарту рәсімін жетілдіру туралы келісім бекітілді.

АСТАНАЛЫҚ ТЕАТРЛАР ТЫНЫСЫ

Бүгін – Халықаралық театр күні. Астана қаласы әкімдігіне елордадағы 6 театр қарайды. Соның байырғысы 126 жылдық тарихы бар М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры болса, ең жасы – ашылғанына 4 жылға жуықтаған Музыкалық жас көрермен театры.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Өткен жылы осы театрлар барлығын қосқанда 1013 қойылым қойып, оларды 354608 адам тамашалады. Бүгіндері қала театрларының көрермендері көбейген. Кейбір спектакльдерге билетті күні бұрын алып қоймаса, табылмай қалуы мүмкін.

Мәселен, Музыкалық жас көрермен театрының «Гауһартас» музыкалық драмасына сұраныс өте зор. Көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабековтің қаламынан туған бұл спектакль (қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маамиров) өткен жылдың соңында елорда көрермендеріне 250-рет ұсынылды. Әр көрсетілімі аншлаптен өтетін қойылымды премьерасы өткен күннен 100 мыңнан астам көрермен тамашалады. Бұл музыкалық драма «Umai-2023» ұлттық сыйлығының «Театр өнері» номинациясы бойынша «Үздік спектакль» атанды.



Салтанат бейнесін сомдағаны үшін театр актрисасы Инабат Ризабекова «Жыл актрисасы-2023» жүлдесіне ие болды. Қазақстанның өнер, мәдениет және спорт саласындағы үздіктерге берілетін «Qazaqstan Ticketon Awards-2024» сый-

лығы мемлекеттік театрлар арасында «Гауһартас» қойылымын халықтың дауыс беруі нәтижесі бойынша «Жыл спектаклі» деп таныды. Алдағы айда өнер ошағының гастрольдері Орал және Ақтөбе қалаларында өтеді.

Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрындағы белгілі ақын Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» драмасына да (режиссері – Әли Бидахмет) қызығушылық жоғары. Осы өнер ошағындағы Қазақстан-

ның халық жазушысы, Еңбек Ері Мұхтар Шахановтың «Танакөз» поэмасы желісімен сахналанған спектакльге де көрерменнің ықыласы ерекше. Жыл басынан бері мәмбетовтіктер бұл қойылыммен ел аралап жүр. Келесі айда «Танакөз» еліміздің оңтүстік өңірлерінде көрсетіледі. Атап айтқанда, Қызылорда, Түркістан, Шымкент, Тараз тұрғындарына ұсынылады. Алдағы сәуір айында аталмыш өнер ошағы кезекті премьераны қояды. Ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің «Бай мен жарлы баласы» әңгімесін бала кезімізде оқыдық. Міне, Мәмбетов театры Асан мен Үсеннің хикаясын қазіргі заманға сай ұсынады.

Кезінде елорданың өнер кеңістігіне үлкен серпіліс әкелген, тарихы 20 жылға жуықтайтын «Жастар» театрының репертуары да толығу үстінде. Өнер ошағында ұлттық мәселені қозғайтын жас драматург Жәнібек Әлікеннің «Күйеу бала» драмасының (қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәурен Серғазин) айтары көп. Кейінгі уақытта жастарлықтар көрерменге әйгілі қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме», заңғар жазушы Мұхтар Өуезовтің «Қарагөз», көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,

Қазақстанның Еңбек Ері Әкім Таразидің «Жолы болғыш жігіт» қойылымдарын ұсынды.

Елордада жыл – он екі ай жұмыс істейтін Қуыршақ театры мен тарихы ширек ғасырлық «Наз» мемлекеттік би театры да бар. Бұл өнер ошақтарында да көрерменді қызықтыратын қойылымдар жеткілікті. Өткен жылдың соңында Қуыршақ театры академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына орай «Бала Қаныш» қойылымын қойды. Танымдық спектакльдің авторы – Қуат Ежембек, қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Құралай Ешмұратова. Ал «Наз» мемлекеттік би театры былтыр 25 жылдық мерейтойын атап өтті. Өнер ошағы репертуарында «Алдар көсе», «Тұйғындар», «Мың бір түннің бір түні», т. б. қызықты хореографиялық қойылымдар бар.

Халықаралық театр күнін астаналық театрлар өздерінше атап өтеді. Өнер ошақтарында, әсіресе, көктемгі каникул кезінде балаларға базарлық мол. Атап айтқанда, 27 наурыз күні «Жастар» театры «Ақыл патшалығы» ертегісін, М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры бүгін таяуда премьерасы өткен «Конек-горбунок» ертегісін ұсынады. Музыкалық жас көрермен театрынан осы күні «Театр әлемі» концерт-қойылымын тамашалауға болады.

КӨРКЕМ ГИМНАСТШЫЛАР ТОП ЖАРДЫ

Грекияның төрінде өткен оныншы «Афродита кубогы» халықаралық турнирінде Астана қаласы әкімдігінің №1 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің спортшылары 9 алтын, 4 күміс және 2 қола медаль жеңіп алып, еліміздің абыройын асқақтатты.

Байрақты бәсекеде астаналық гимнастшыларымыз АҚШ, Италия, Болгария спортшыларымен бәсекелесіп, айқын жеңіске жетті. Атап айтар болсақ, көпсайыс нәтижелері бойынша Эрика Жайлауова мен Ақмарал Ерекешева алтын медаль иеленсе, Айым Мейіржанова қола медальға қол

жеткізді. Ал топтық жаттығу бойынша «Фурор» командасы Андорра мен Англия елдерін артта қалдырып, алтын медальді қанжығасына байлады. Ақмарал Ерекешева доп және лента жаттығуларында 2 алтын, ал шеңбер мен шығыршықтан 2 күміс медальға ие болса, Эрика Жайлауова доппен

күміске, лентадан алтынға қол жеткізді. Айым Мейіржанова лентадан күміс медаль алды. Сондай-ақ «Фурор» командасы лента және 3 доп + 2 шеңбер жаттығуларында 2 алтын медаль жеңіп алды. Ал «Виктори» командасы шеңбер жаттығуынан қола медаль иеленді.

ЛИХТЕНШТЕЙНДІ ЖЕҢДІ

Қазақстан ұлттық құрамасы футболдан әлем чемпионатының іріктеу кезеңінде 12 жылдан кейін алғашқы жеңісіне қол жеткізді.



Бұл жеңіс 2026 жылғы әлем чемпионатының іріктеуіндегі Лихтенштейн құрамасына қарсы ойында болды. Осылайша, Қазақстан құрамасы сырт алаңда 2:0 есебімен жеңіске жетті.

Қазақстан құрамасының әлем біріншілігіне іріктеу кезеңіндегі соңғы жеңісі 2013 жылдың 6 қыркүйегінде тіркелген еді. Ол кезде Фарер аралдары 2:1 есебімен жеңілген болатын. Сол уақыттан бері Қазақстан іріктеу кезеңдерінде 22 матч өткізіп, 7 рет тең ойнап, 15 рет жеңіліп қалған. Ал 2026 жылғы әлем чемпионатының іріктеу турнирінде Қазақстан құрамасы J тобында өнер көрсетеді. Бұл топтағы қарсыластары – Бельгия, Солтүстік Македония, Уэльс және Лихтенштейн.

ШОРТ-ТРЕК ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Елордадағы «Алау» мұз сарайында шорт-тректен Қазақстан VI қысқы спартакиадасы мәресіне жетті.



Төрт жылда бір рет өтетін айтулы додада 500 метр қашықтықта әйелдер арасында шығысқазақстандық Зейнеп Құмарқан чемпион атанса, ақмолалық Яна Хан мәре сызығын екінші, қостанайлық Полина Омельчук үшінші болып қиды. Ерлер арасында қостанайлық Глеб Ивченко алдына жан салмаса, осы қашықтықта екі мәрте әлем чемпионатының күміс жүлдесін иеленген ақмолалық Денис Никиша екінші, алматылық Валерий Клименко үшінші орынға қол жеткізді. 1 мың метрден әйелдерден ақмолалық Ольга Тихонова, астаналық Мәлика Ермек және қостанайлық Анастасия Галечина үздік үштік

ке іліксе, ерлерден астаналықтар Әділ Ғалиахметов, Богдан Вехов, Абзал Әжіғалиев басқаларға жұлде ұстатқан жоқ. Ал әйелдер арасында 3 мың метрлік эстафетада астаналықтар мәреге бірінші, батысқазақстандықтар екінші, қостанайлық қыздар үшінші болып жетсе, ерлер арасында 5 мың метрлік эстафетада тағы да Астана мен БҚО шорт-трекшілері алдыңғы екі орынды иемденді. Алматылықтар қола жүлдеге қол созды. Аралас эстафетада (2 мың метр) ақмолалықтар қарсылас шақ келтірмесе, астаналықтар күміс, Қостанай облысының өкілдері қола медальді қанағат тұтты.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 10 200. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №34-35
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

☎ Кабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

✉ aqsham1990@mail.ru
Кезекші редактор – Айгүл УАЙС